



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Арқа атлеттерінің абыройы

Қарағандының төрт бірдей атлеті Х Азия чемпионатында алтын алып, Азия чемпионы атанды. Бұл – аймағымыз үшін ауыз толтырып айтар абырой. Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев жеңімпаз спортшыларды құттықтап, олардың әрқайсына 1 миллион теңгенің сертификатын табыс етті.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аталмыш Азия біріншілігі алғаш рет Қазақстанда өтті. Төрткүл дүниенің 31 елінен жиналған 500-ден астам саңлақтар бақ сынасқан сын тартысты болды. Үш күнге созылған сайыстың қорытындысы бойынша Қазақстан құрамасы ІІ орында тұр. Ал, Республика бойынша алты алтын медальдің төртеуін қарағандылықтар жеңіп алған. Атап айтсақ, Давид Ефремов, Вячеслав Земс, Аделина Земс және Кристина Кондрашова.

– Қарағандының жеңіл атлетика мектебі әрдайым жақсы болған. Бұл – барлығына қолжетімді спорт. Бүгінде көптеген балалар тегін жаттығады. Сіздердің ерекше нәтижелерге қол жеткізгендеріңіз ел мақтанышына айналды. Сондай-ақ, спортқа жаңа келген спортшыларға үлгі болдыңыздар. Мұнымен тоқта-



маңыздар, алға ұмтылыңыздар! Ал, біз өз тарапымыздан сіздерге барлық жағынан қолдау көрсетеміз, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

– Менде екі рет алдын ала жүгірде фальстарт болған кезде ғана қиындықтар болды. Ол менің кінәм емес деп ойлаймын. Сондықтан,

маусымға дайындық жоспарлануда. Менің басты арманым – Олимпиада ойындарында өнер көрсету, – деді Давид Ефремов.

Кез келген спортшының жеңісі – қашанда жаттықтырушының жемісі. Сол секілді жеңімпаз спортшылар бапкерлерінің еңбегін атап айтпасақ болмас. Дәл осы Давидтің жетістігінің артында жаттықтырушы Николай Барсанов тұр.

– Дайындық жақсы болды. Жеңіске жетуде жаттығудың атқарар міндеті басым. Давид – әрине, дарынды жігіт, өзін батыл және табанды көрсетті. Бүгінгі кездесу – бұл біздің еңбегімізді, жетістіктерімізді бағалау. Өз елім мен қалам үшін мақтаныш сезімін оятады. Алдағы болашаққа үміт пен сенімділік арта түсті, – деп атап өтті Николай Барсанов.

Сонымен қатар, қарағандылық Вячеслав Земс, Михаил Литвин, Эльнор Мұхитдинов және Андрей Соколовпен бірге 4×400 метрлік эстафетада Қазақстанға жеңіс әкелді. Бұл квартет елдің жаңа рекордын орнатты.

Сол эстафетада тек әйелдер арасында бірінші болып қарағандылық Аделина Земс пен Кристина Кондрашова шықты. Қарағанды жеңіл атлетика мектебінен атоялап шыққан жаңа Азия чемпиондарының бағын енді Париж-2024 Олимпиадасында сынайтын боламыз.

Суретті түсірген
Еркебұлан ХАДЫЛБЕК

● ЖАҒЫМДЫ ЖАҒАЛЫҚ

Оқу гранты көбеймек

Елімізде ғылыми жаңалық ашқысы келетін жастардың саны аз. Сол себепті, Ғылым және жоғары білім министрлігі магистратура мен PhD докторанттарына бөлінетін грант санын үш есе көбейтуді жоспарлап отыр. Сондай-ақ, министр Саясат Нұрбек елімізде кезек-кезеңімен бас ғылымдардың айлығы көтеріліп, жайлы жұмыс істеуіне жағдай жасалатынын мәлімдеді.

Ғалымдардың жағдайына баса мән беріледі. Әуелі ғалымдардың жұмыс орнын заманауи техникамен жабдықтап, жалақысын өсіруге министр уәде берді.

«2022 жылдың қыркүйегінен бастап, 1 200 жетекші ғалымның жалақысын 70%-ға өсірдік. Біздің ғылыми қызметкерлердің орташа жалақысы 150-200 000 теңге болған. Жарты жылда 252 мыңға өсті. Қазір сол 1 200 ғалым 1,5 миллион теңге көлемінде алады», – деді Саясат Нұрбек.

Қазір магистратура мен докторантураның оқу ақысы қымбат. Жас ғалымдардың аз болу себебі де – осы. Сондықтан, министрлік магистратура мен PhD докторанттарына гранттарды үш есе көбейтіп, бакалавриатпен теңестіруді жоспарлап отыр.

Өз тілшімізден

● МӘСЕЛЕ

Мектеп қауіпсіздігіне кім кепіл?

Петропавл мектебіндегі жағдай қоғамның әлі де бейқамдығын тағы бетіне басты. Балта-пышақпен оқушыларға шабуылдаған жасөспірім қауіпсіздіктегі қамсыздықты көзге шұқып көрсетті. Бұл мәселе Үкімет үйінің қабырғасында да ашық айтылып жатыр. Жасырағы жоқ, бауыр еті – баласының мектептен үйіне он екі мүшесі сау оралуы осы күні ата-ананың ішкен-жегенін бойына сіңдірмейтін алаңға айналып барады. Баланы байлап ұстайтын емес. Білім ордасында опат боп жатса, демек, онда ойландыратын олқылықтардың бары анық. Ал, ол не?!

Қызғалдақ АСҚАРҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Үкімет не дейді?

Бүтін елдің жағасын ұстатқан тосын оқиға Үкіметті де үркітпей қоймайды. Негізі, алдын алғаннан гөрі салдармен күресетін жаман әдетіміздің және бір сыр берген тұсы да осы. Сондықтан да, Үкімет басшысы Әлихан Смайылов сол күні дереу тапсырма берді. Мектептегі қауіпсіздіктерді күшейтуді қатаң міндеттеді.

«Петропавлдағы мектепте оқушының балтамен шабуылынан кейін Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Әлихан Смайылов ел мектептеріндегі қауіпсіздік шараларын күшейту жөнінде бірқатар тапсырма берді», – дейді Үкіметтің баспасөз қызметі.

– Балаларының қауіпсіздігіне алаңдамайтын отбасы жоқ. Мектептің ішінде де қауіптің барын көріп отырмыз. Сондықтан, бұл мәселені қайта қарап, оқу орындарына тексеру жүргізу қажет. Бейнекамералардың санын көбейтіп, мектепке кіреберіс жерлерде бақылауды күшейту мәселесін қару керек, – деді Премьер-Министр.

Бұдан соң Оқу-ағарту министрлігі 20 ақпан мен 17 наурыз аралығында республикадағы барлық оқу орнының кешенді қауіпсіздік жүйесіне тексеріс жүргізетінін мәлімдеді. 20

наурызда бұл жұмыстың қорытындысы шығуы тиіс. Оған қоса, жергілікті атқарушы билікке мектептерде турникет, дабыл нүктесінің орнатылып, кәдімгі лицензиясы бар күзетпен, ішкі істер органдарының жедел басқару орталығына қосылған бейнекамералармен қамту жүктелген.

Осы арада бейнебақылау камерасы 2019 жылы Таразда 7 сынып оқушысы дәретханада зорланғанынан кейін өзекті бола түскенін атамасқа амал жоқ. Жария етілген министрлік деректері бытырдың өзінде барлық білім беретін ұйымдарға 100 пайыз бейнекамера орнатылғанын хабарлаған-ды. Бұрынғы министр Асхат Аймағамбетов оның, тіпті, 55 пайызы талапқа сай еместігін де ашық айтқан. Бірақ, мектептегі қауіпсіздіктің бәрі тек бейнекамераға байланып тұрған жоқ. Камерасы бар мектептің іші де қауіпсіз еместігін Петропавлдағы қайғылы жайт аңғартты.

Бейнекамерамен мәселе шешілмейді

Елімізде осыған дейін мектепте бірнеше рет балаларға шабуыл жасалғаны мәлім. Осы арада өткенді тағы еске салуға тура келеді. 2019 жылы Таразда мектептің даладағы дәретханасында 7 сынып оқушысы зорланды. Оның алдында бірер жыл бұрын Павлодарда сыныптасы мектеп ауласында төбелес кезінде



Қолжазба жасаған Ш.А.Аманжол

15 жастағы оқушыны пышақтап өлтірді. Одан соң бұрынғы Оңтүстік Қазақстан, қазіргі Түркістан облысында «Кримналдық авторитет мектеп оқушыларын сабақ үстінде ұрлап әкеліп әжетхана қаздырған». 2013 жылы бұрын Қарағанды облысы құрамында болған Ұлытау ауданындағы орта мектепте 11 сынып оқушысына пышақ салып, қаза тапты. Осының бәрі мектеп ауласында, мектеп ішінде орын алған. Қайсыбірін айтпайық, интернет кеңістікте жарияланған мектеп оқушысына қатысты қайғылы оқиға көп. Бұл қылмыстың басым бөлігі бейнекамера мен турникет, күзет қойылғанға дейін десек те, мәселе камера қойылған бүгінде де түбегейлі шешілмеді. Күзеттің түрі анау. Оның қандай екенін бұған дейін де жазғанбыз. Онда кәрі-құр-таң, кемпір-сампыр отыр. Тек ауысқаны сырт киімі ғана. «Охрана» деген жазуы бар күртесі ғана оның

қандай да бір мамандандырылған күзет орнынан екенінен хабар береді. Қолында қаруы түгілі, өзінде қауқар да жоқ. Дәл қазір кез келген мектепке барсаңыз, осы сөзіміздің растығына бәс тіге аламыз. Кірген-шыққанның сөмкесін, қалтасын қауіпті затқа тексерген пендені емге таппайсыз.

Мұны сенатор Нұртөре Жүсіп те Премьер-Министр Әлихан Смайыловтың атына жолдаған депутаттық сауалында соқырға таяқ ұстатқандай айтты кеше. «Қазіргі таңда біздің елімізде оқу мекемелерінің қауіпсіздігі формальды түрде және қарабайыр» деді сенатор.

«Би айтқан сөзді құл да айтады, бірақ құлдың аузының дуасы жоқ» дегендейін, бұған дейін де БАҚ-та жиі қозғалған мәселелерді сенатор осылай тағы көтерді. Ол проблема-лар – осындай төтенше жағдайды болжайтын жүйенің, алдын алуға қатысты ғылыми базаның жоқтығы.

бейім балаларды алдын ала оқшаулау, шетелдегі балалар қауіпсіздігінің тәжірибесінен елдің қалыс қалған тұстары сынды өзекті жайттар. Тіпті, «Білім туралы» Занда оқушы мен мұғалімнің қауіпсіздігі жөнінде бір ауыз сөздің жоқтығына да наразы.

Осы орайда, «Еліміздегі білім беру мекемелерінде криминалдық және террористік сипаттағы қауіп-қатерден қорғайтын, оқу орындарындағы оқушыларды, мұғалімдер мен қосалқы персоналды сақтауға арналған қауіпсіздікті қамтамасыз етудің тиімді жүйесін жасау жөнінде шұғыл кешенді шаралар қабылдауды сұраймыз», – деді Нұртөре Жүсіп.

Күзеттегі кілтипан

Петропавлда шабуылдаушы баланы мектеп мұғалімдері, оқушылары жабылып жүріп ұстауы – кілти-

панның көкесі екенін көрсетсе керек. Мамандандырылған, лицензиясы бар күзет дегеннің сапасы да сын көтермейтінінің айғағы – бұл. Күзет фирмаларының мұндай жұмысқа кімдерді алатыны белгілі. Зейнеткер, не болмаса, аз-маз жалақыны місе тұтқандар, қосымша табыс көзі ретінде көретіндер ғана мектеп күзетінде жүр. Яғни, мектеп қауіпсіздігі кездейсоқ адамдардың қолында. Оның ақыры неге апарып соғарының шет жағасын байқадық.

Негізі, бейнебақылауда кемдік жоқ. Орнатылғаны рас. Әйткенмен, оның бәрі қауіпсіздікке толық кепіл емес. Гәп сонда.

Білім басқармасының дерегіне, облыста 651 мектепке 18 719 бейнебақылау камерасы орнатылған. Оның 11 843-і мектеп ішінде, 6876-сы сыртында. Полиция департаментінің жедел басқару орталығына бейнебақылау камерасы қосылған 312 мектеп бар. Сонымен қатар, төтенше жағдай кезінде балалар мен қызметкерлерді дер кезінде құлақтандыру үшін хабарлау және дабыл нүктесі, 222 мектепте турникет қойылған. Күзетке келсек, қала және аудан орталықтарындағы мектептерде 222 күзет фирмаларымен келісімшарттар жасалған екен.

Алайда, олардың бес қаруы түгілі біреуді қорқытатын қолшоқпарсыз жүргенін көріп келеміз.

Түйін

Қызылжардағы қайғылы жағдай мектеп қауіпсіздігін жан-жақты талдауды талап етеді. Бір баланың әрекеті барша мектеп назардан тыс қалдырған маңызды мәселелерді әйгіледі. Ол – күзет. Ол – бала денсаулығы. Ол – баланың ақпараттық кеңістікте қорғалмауы. Ол – мектепке қауіпті, қатерлі заттардың емін-еркін алып кіру еркіндігі. Ол – жалпы қауіпсіздіктегі бейқамдық.

Құзырлы орындар бұған қатысты кешенді шараны жеделдетіп, қолға алмаса, екінші өзекті өртеген оқиға мұнымен шектелеріне ешкім де тағы кепіл емес.



• ДЕНСАУЛЫҚ

Күрделі жөндеу жүргізіледі

Қарағанды облыстық клиникалық ауруханасындағы инфекциялық бөлімшенің екінші блогы күрделі жөндеуден өтті. Ғимаратқа жөндеу жұмыстары соңғы рет он жыл бұрын жасалған. Бұл жолғы күрделі жөндеу барысында су құбыры, кәріз желілері, жылыту және ауа желдету жүйелеріне қатысты барлық инженерлік инфрақұрылым ауыстырылды. Биыл инфрақұрылым мен материалдық-техникалық жарақтандыруды жанарту және үшінші корпусқа күрделі жөндеу жүргізу жоспарлануда.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазір ауа желдету жүйесі санитарлық шарттарға сәйкес келеді. Әр палатада бөлек ауа айналымын қамтамасыз етеді, бұл инфекцияның таралуына жол бермейді. Жаңа металл және пластикалық есік блоктары орнатылып, саңылаулар кеңейтілді. Бөлмелердегі ескі линолеум заманауи біртекті жабынмен ауыстырылды. Сондай-ақ, материалдық-техникалық жабдықтар жақсартылды. Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев жөндеілген корпусы көріп қайтты.

Екі қабатты ғимарат 1955 жылы



жылы орталық үшін қабатты зерттеу мүмкіндіктері бар цифрлық рентген аппараты сатып алынды. Мұнымен бірге медициналық техника мен жиһаз ауыстырылды. Бүкіл ауруханада SOS жүйесі, дабыл түймелері орнатылған.

– Реанимация бөлімшесі алты адамға шақталған. Бұл – баланы да, үлкенді де қабылдауға қабілетті қаладағы жалғыз бөлім. Жұқпалы аурулар орталығы 190 бала мен ересек наукасты қабылдауға қауқарлы. Біз респираторлық,

ішек, вирустық инфекциялармен ауыратын науқастарға көмек көрсетеміз. Нейро және тамшы инфекциясы бар науқастар үшін бөлек блок бар, – дейді Ержан Жүнісов.

Оның айтуынша, жөндеу жұмыстары кезінде науқастарды басқа екі корпуста қабылдады. Өткен жылы осында 7,5 мыңға жуық адам емделді.

Суреттерді түсірген
Еркебұлан ХАДЫЛБЕК

Жеңіл өнеркәсіптің жолы жеңіл ме?

Аймақтағы жеңіл өнеркәсіп саласында отандық өнім өндіретін 50-ге тарта кәсіпорын бар. Ендігі мұрат – импорттық өнімдерге лайықты бәсеке орнату. Мәселен, облыста ірі бизнестің айналасында шағын кәсіпорындар белдеуі құрылатындығы атап өтерлік жайт. Қала орталығында қолөнер павильонын ашу жоспары да бар. Бұл туралы бизнес қауымдастығы мен кәсіпорын өкілдерінің бірлескен кеңесінде мәлім болды. Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев тізгіндеген алқа отырысында алдағы жоспарлар мен шешімін күтін тұрған мәселелер кеңінен талқыланды.

Ерканат КЕЦЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Салаға мемлекеттік қолдау шаралары да іске асуда. Мәселен, өткен жылы кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде 23 жеңіл өнеркәсіп жобасына жалпы сомасы 2 млрд. теңгеге субсидия қарастырылған. Бұл жылы қолдау шаралары өңірлік «Кәсіпкер» бағдарламасы арқылы жүзеге асырылмақ.



– Кез келген кәсіпорынның көзге көрінер төрт көрсеткіші бар. Біріншісі, шикізатпен қамтылуы. Екіншісі, қадр тұрақтылығы. Үшіншісі, қаржыландыру деңгейі. Соңғысы, өнімін сата алу қарымы. Алда арнайы мемлекеттік бағдарлама шеңберінде мақта өңдеп, киім тігерлік шикізатпен қамтылудың іс-қимыл жоспары тұр. Бірнеше жылға көзделген бағдарла-

маның қандай көрсеткіш көрсетері – уақыттың еншісінде, – дейді ЕСКО ЖШС директоры Андрей Шмарин.

Жыны барысында кәсіпкерлер білім ошақтарынан түлеп ұшқан жас мамандардың білігіне шағымданды. Бұл – күн тәртібінен түспей келе жатқан өзекті мәселе. Көнігі мамандардың орнын бүгінгі жастар баспақ түгілі, бұл салаға қызығушылық та таныта қоймайды. Оның өзіндік себебі де бар. Жалақының мардымсыздығы

әрі енбек мехнаты. Бұрын өңірде 1000-ға тарта тігінші тәрбиеленсе, қазір бұл сан төрт-бес есеге кеміген. Оқу орнын енді бітірген мамандар өндіріске дағылану үшін біліктілігін тағы екі-үш мәрте арттыру қажеттігі туындайды. Салдарынан өнбек өнімділігі кемиді. Алдағы уақытта бұл мәселе түбегейлі шешімін таппаса, тығырықтан шыға қояр ұтымды жол жоқ. Осы орайда,



дуальды оқыту жүйесін жандандыру ауадай қажет.

Қаржыландыру деңгейі. Жаһандағы барлық дамыған мемлекеттер іргелі өнеркәсібіне «банк – өндіріс ошағының жанашыры» қағидасын ұстанатыны жасырын емес. Инвестиция көлемі артпай, ішкі нарықта бұл өнеркәсіп түрінің қарышты қадам баспайтыны тағы аян. Сондықтан, аймақты дамыту банкі сынды қаржылық оператор құрылған болса, саланың өн бойына қан жүгірер еді деген ұсыныстар алға тартылды. Соңғысы – импорттық тауарларға лайықты бәсекелесе бола білу. Отандық өнімді қорғайтын шаралар легі әлі де жеткіліксіз. Кедендік тексеріс жұмысы да бұл бағытта бәсен қимылдайды. Салдарынан шынайы бәсеке болмайтыны рас. Оған елдегі инфляцияның күрт өскендігін қосынды. Яғни, түптеп келгенде өзін-өзі ақтай алмайтын санаулы тауарлар тапсырыс берушінің пәрменімен ғана өндіріледі. Маркетинг пен жарнама сынды жанама үдерістер жүйелі жұмысты талап етеді.

– Әлбетте, бұл салада бүгінде ізденістер де, ірікілістер де бар. Бастысы, қузырлы мекемелер жұмысын үздіксіз әрі тиянақты орындауы шарт. Өңірлік қолөнер өкілдерінің өнімдерін лайықты деңгейде көрсете алмай жүрміз. Бұл мәселені ауық-ауық пысықтап отыру маңызды. Маман даярлауда Гүлсім Шабданқызы, облыстық білім басқармасы тарапынан жүйелі жұмыс жасап, бір айлық мерзімде сараптамалық көрсеткіштерін назарымызға ұсыныңыз, – деді облыс әкімі сөз соңында. Кездесу өңірдің жеңіл өнеркәсіп өнімдерінің көрмесімен ұласты. 16 кәсіпорын өз өнімін көрермен назарына ұсынды. Кездесу жергілікті қамтуды дамыту және елдік құндылықты арттыру бойынша өзара ынтымақтастық туралы меморандумдарға қол қоюмен тәмамдалды.

Суретті түсірген
Еркебұлан ХАДЫЛБЕК

• ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

Жайлы мектеп салынады

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев жұмыс сапарымен Нұра ауданына барды. Аймақтағы бірқатар әлеуметтік нысандарды аралап, жайлы мектеп салынатын орынды тексерді. Өңір басшысы жұмыс сапары барысында аудандағы су тасқынының алдын алу жұмыстарымен танысып, аудан әкімдігіне дайындық жұмыстарын пысықтауды тапсырды.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Нұра кентінде заманауи стандарттар бойынша жабдықталған жайлы мектеп салынады. Жаңа оқу орны 600 оқушыға арналған. Ермағанбет Бөлекпаев ауданға жұмыс сапары кезінде мектеп салынатын орынды тексерді.

Биыл Нұра ауданында су құбыры желілерін қайта жанарту, жол мен әлеуметтік нысандарды жөндеу, тұрғын үй салу және ауылдарды абаттандыру жалғасуда.

Нұра ауданының әкімі Бақытжан Мұқанов жыл қорытындысы мен ауданның даму жоспары туралы есеп берді.

Ауданда пайдаланылмаған жерлерді қайтару бойынша ауқымды жұмыс жүргізілуде. Былтыр Нұра ауданының мемлекеттік қорына 37,3 мың га қайтарылды, биыл шамамен 69 мың га жерді қайтару жоспарланған.

– Елді мекендерді жайылымдық жермен қамтамасыз ету – өзекті мәселелердің бірі. Нұра ауданы бұл мәселе бойынша әлі де алдыңғы қатарда тұр. Төлдейтін мал басы толықтай жайылыммен қамтамасыз етілген. Қазір жеке аулада ұсталатын басқа да ауыл шаруашылығы жануарларының тапшылығы мәселесі тұр. Биыл елді мекенді жайылыммен қамтамасыз ету бойынша жұмысты аяқтау қажет, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Жақын арада Құланөтпес және Жараспай ауылының тұрғындарын сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету жоспарлануда. Аудан билігінің айтуынша, 2025 жылға дейін сапалы ауыз суға ауыл тұрғындарының 98%-ы қол жеткізе алады.

«Ауыл – Ел бесігі» жобасы бойынша Егінді, Байтуған, Ахмет, Көбетей, Заречное, Тассуат, Мыңбаев және Алғабас ауылдарындағы орамшілік жолдарды орташа жөндеуге қаражат бөлінді.

Ермағанбет Бөлекпаев бірқатар әлеуметтік нысандарды, соның ішінде орталық аудандық аурухананы аралады.

Сондай-ақ, биыл «Ауыл – Ел бесігі» жобасымен Байтуған және

салынған. Ауданы 2100 шаршы метрді құрайды. Ғимараттың қасбеті қосымша оқшауланған және қапталған. Жаңа санитарлық жабдықтар, емдік газбен жабдықтаудың сыртқы және ішкі желілері орнатылды. Реанимация бөлімі де қайта құрылды. Енді реанимациялық блок қабылдау-диагностикалық бөлімшенің жанында орналасқан.

– Бұрын реанимация үшінші корпусқа орналасқан. Ол негізгі екі корпустан және қабылдау бөлімшесінен алшақ болатын. Сонымен қатар, ол екінші қабатта еді. Бұл пациенттерді тасымалдау және эвакуациялау тұрғысынан қолайсыз болды. Қазір реанимация бірінші қабатта, қабылдау бөлмесінің маңында. Біздің орталықтың ерекшелігі – біз жедел көмек көрсетеміз. Науқастардың көбі ауыр халде түседі және бірден реанимация бөліміне жеткізіледі, – дейді жұқпалы аурулар орталығының жетекшісі Ержан Жүнісов.

Жөнделген корпусқа жаңа жабдықтар сатып алынды. Атап айтқанда, желдеткіштер, төсек жанындағы монитор, заманауи ультратыбыстық аппараттар, олардың бірі стационарлық, екіншісі портативті. Сондай-ақ, өткен

• ПРЕЗИДЕНТ РЕФОРМАСЫ – ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

Ауыл медицинасының өрісі кеңи ме?

Алдағы екі жылда ауыл халқын медициналық қызметпен қамтуға баса назар аударылатын болады. Ол – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тікелей тапсырмасы. Бұл үдеден шығу үшін «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы қабылданды. Оны іске асыру аясында ауылдық жерлерде жаңа медициналық мекемелер пайда болып, жаңа медициналық жабдықтармен қамтамасыз етіледі.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Денсаулық сақтау министрі Ажар Ғинияттың мәліметінше, бүгінде ауылда шамамен 8 млн. адам тұрады. Бұл – ел халқының 41%-ы. Дерек бойынша республика көлемінде ауыл тұрғындары жүгінетін 5 мыңнан астам медициналық ұйым көмек бар. Аймақтың денсаулық сақтау басқармасының мәліметінше, ауылдық жерлерде жеті орталық аудандық аурухана жұмыс істейді. Олардың құрамына төрт ауылдық аурухана, 60 дәрігерлік амбулатория, 47 фельдшерлік-акушерлік пункт, 142 медициналық ұйым кіреді. Баса айта кетері, сол мекемелердің жартысынан астамының тозығы жетіп тұр.

Биыл «Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасы аясында алты ФАП құрылысы аяқталады. Жаңартуды талап ететін 92 ауылдық елді мекендегі нысан «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасына енді. Аталған нысандарды 11 дәрігерлік амбулатория, 34 ФАП және 47 медициналық пунктпен байланыстыру үшін жергілікті бюджеттен 608 млн. теңге бөлінетін болады.

Балқаш және Теміртау қалаларының ауруханалары базасында ауылдық аудандарға қызмет көрсету аймағын айқындап және «алтын уақыт» стандартын сақтай отырып, белгілі бір патологиясы бар пациенттерді, инсультпен, миокард инфарктісімен, жарақаттармен, хи-

рургиямен және оңалтуға жатқызылатын науқастарды жеткізу үшін ауданаралық ауруханалар құрылады. Осы ауруханаларды күрделі жөндеуге жергілікті бюджеттен 865 млн. теңге бөлінді. Ангиография жапсарлас құрылыстар салу үшін қосымша жобалау-сметалық құжаттарды әзірленуде, оларға 2 млрд. теңгеден астам қаражат бөлінетін болады.

Өңірде барлығы 7 099 стационарлық төсек орны бар. Оның 5 792-сі – мемлекеттік секторда (77,4%) және 1 307-сі – мемлекеттік емес секторда. Денсаулық сақтау нысандарының басым бөлігі тозған. Оның 70%-ы 1960-1980 жылдары салынған. Қазір жергілікті бюджет есебінен 14 млрд. теңгеден астам сомаға 59 нысанды жөндеу жоспарланды.

Соңғы төрт жылда 12 млрд. теңгеге 116-дан астам нысан (оның ішінде Ұлытау облысының объектілері де бар) жөндеді. Сондай-ақ, алдағы үш жылда медициналық техника паркін 18 млрд. теңгеден астам сома болатын 995 бірлікке жаңарту жоспарланған. Бұл – негізінен медициналық көліктер.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша жүзеге асырылатын «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» жобасы үшін міндетті қамтиды: Бірінші міндет – фельдшерлік-акушерлік пункттер, дәрігерлік амбулаториялар салу арқылы барлық ауылдық елді мекендерді медициналық инфрақұрылыммен қамтамасыз ету. Екінші міндет – заманауи ме-

дициналық жабдықтармен жабдықталған заманауи көпбейінді ауданаралық орталық ауруханалар желісін ұйымдастыру. Үшінші міндет – ауылдық денсаулық сақтау нысандарын медицина кадрларымен қамтамасыз ету.

Жобаны іске асырудың нәтижесінде профилактикалық қарап-тексерулердің, скринингтердің, сондай-ақ, ауыл тұрғынына алғашқы шұғыл, мамандандырылған және жоғары технологиялық медициналық көмектің қолжетімділігін арттыру, сондай-ақ қанайналым жүйесі ауруларынан болатын өлім-жітімді төмендету жоспарланған. Министрлік келтірген деректерде ауыл халқы тыныс алу ағзалары ауруларынан зардап шегетінін көрсетеді. Оның жиі кездесетіні соңшалықты, 42,7%-ды құрайды. Одан кейінгі орында ас қорыту органдарының аурулары 9% кездеседі. Жалпы ауылдағы ағайынның денсаулығы жақсарып, өлім-жітім 21,3%-ға төмендеген.

Бүгінде дертті асқындырмай ерте анықтау үшін жаппай скринингтер де қолданылады. Былтырдан бастап 18 жасқа толған әрбір ауыл азаматы профилактикалық тексерулерден өту мүмкіндігіне ие болды. Бұрын мұндай тексерулер 30 жастан басталатын еді. Скринингтік тексеріс аясы да артты. Мәселен, асқазан-ішек жолдары мен қуықасты безінің ауруларын анықтауға бағытталған скринингтер қосылды. Бұл мақсатта медициналық сақтану қорының облыстық филиалы 478 млн. теңге жұмсамақшы.



Заречное ауылдарында екі фельдшерлік-акушерлік пункт құрылысын аяқтау жоспарлануда.

Алдағы уақытта аудандағы клубтар мен мәдениет үйлерін жөндеуге қаражат бөлінді. Қазіргі уақытта Баршың ауылындағы Мәдениет үйі мен Нұра кентіндегі Өнер сарайының құрылысына жобалау-сметалық құжаттарын әзірлеу жүргізілуде. Ағымдағы жөндеу жұмыстары Нұра кенті мен Шахтерское ауылындағы мәдениет үйлерінде жоспарланған.

Ермағанбет Бөлекпаев аудан басшылығына ФАП-тарды жөндеу

мен салуды ерекше бақылауға алуды тапсырды.

Сондай-ақ, аймақ басшысы ауданға жұмыс сапары кезінде көктемгі су тасқынына дайындық жұмыстарымен танысты. Нұра ауданындағы 21 елді мекен мен 277 аула бақылауда тұр. 12 ауылда жер қорғанысы, үш ауылда габиондар тұрғызылды.

Ауданда көктемге дайындық жұмыстары жүріп жатыр. Су тасқыны кезінде ТЖ алдын алу және жою жөніндегі аудандық жедел штаб құрылды. Бес мың тонна инертті материалдар, 20 мың қапшық, 32 сорғы

мен 29 мотопомпалар дайындалды.

Ермағанбет Бөлекпаев ТЖД басшысы Мұрат Қаптановпен және мамандармен бірге Нұра кентіндегі Құндызды өзенінің арнасын аралады. Сондай-ақ, бұл учаскеде ұзындығы 400 метр қорғаныс білігі нығайтылған.

Нұра кентінде су тасқынының алдын алу үшін Масалин көмесінің бойына топырақ бөгеті салынды. Қонаев, Колодий, Балабиев, Абай, Жеңіс, Мынбаев көшелерінде су бұру арықтары, Ысқақов және Мынбаев көшелерінде габион құрылыстары орнатылды. Жыл сайын көктем мезгілінде 48 су төгетін құбыр қайта консервацияланады.

Егінді, Тассуат, Заречное ауылдарында қорғаныс біліктері нығайтылды. Нұра кентінде су бұру науалары орнатылды.

Сондай-ақ, Ермағанбет Бөлекпаев Қантай ауылына барып, жер білігін нығайту бойынша іс-шаралармен танысып, жергілікті бөгетті аралады.

Суретті түсірген
Еркебұлан ХАДЫЛБЕК

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарын сайлау жөніндегі №18 округтік сайлау комиссиясының хабарламасы			Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарын сайлау жөніндегі №19 округтік сайлау комиссиясының хабарламасы		
2023 жылғы 19 наурызға тағайындалған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауында бірмандатты аумақтық сайлау округтері бойынша Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттығына кандидаттарды тіркеу туралы			2023 жылғы 19 наурызға тағайындалған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауында бірмандатты аумақтық сайлау округтері бойынша Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттығына кандидаттарды тіркеу туралы		
«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық Заңының 89-бабына сәйкес, №18 округтік сайлау комиссиясы ағымдағы жылдың 16 ақпанындағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттығына келесі кандидаттарды тіркеді:			«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық Заңының 89-бабына сәйкес, №19 округтік сайлау комиссиясы ағымдағы жылдың 16 ақпанындағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттығына келесі кандидаттарды тіркеді:		
1	Нурлан Аманжолович Айкеев	1968 жылы туған, «Мұнайөзен КТН», Қарағанды қаласында тұрады, өзін-өзі ұсынған	1	Владимир Владимирович Алескеров	1990 жылы туған, «A.V.Group» ЖШС бас директоры, Саран қаласында тұрады, өзін-өзі ұсынған
2	Жаслан Айтмағанбетов	1983 жылы туған, «Қазақстан тұтынушыларының республикалық қауымдастығы» ЗТБ президенті, Қарағанды қаласында тұрады, «Қазақстан тұтынушыларының республикалық қауымдастығы» ЗТБ ұсынған	2	Канатбек Шарапбекович Балсариев	1976 жылы туған, жұмыс істемейді, Теміртау қаласында тұрады, өзін-өзі ұсынған
3	Махмут Касланович Алипбергенов	1964 жылы туған, «Тау-Кен-Самұрық» ҰКП АҚ тау-кен жобалары жөніндегі сарапшы, Қарағанды қаласында тұрады, «Қазақстан халық партиясы» ҚБ ұсынған	3	Мейржан Аппазович Доскараев	1958 жылы туған, «Ақмола адвокаттар алқасы», Астана қаласында тұрады, өзін-өзі ұсынған
4	Кудайберген Бексултанов	1956 жылы туған, қоғам қайраткері, Қарағанды қаласында тұрады, «AMANAT» партиясы» ҚБ ұсынған	4	Загит Нығыметжанович Жунусов	1964 жылы туған, «АрселорМиттал Теміртау» АҚ цехының бастығы, Теміртау қаласында тұрады, «Қазақстан Халық партиясы» ҚБ ұсынған
5	Жибек Камалиевна Камали	1962 жылы туған, «Персона» фитнес клубының директоры, жеке кәсіпкер, Қарағанды қаласында тұрады, өзін-өзі ұсынушы	5	Арман Кобыландынович Калыков	1973 жылы туған, «АрселорМиттал Теміртау» АҚ Көмір департаментінің директоры, Қарағанды қаласында тұрады, «AMANAT» партиясы» ҚБ ұсынған
6	Нурлан Бекович Таубаев	1977 жылы туған, адвокат, «Фемида» АҚ Қарағанды облыстық адвокаттар алқасы, Қарағанды қаласында тұрады, өзін-өзі ұсынған	6	Талгат Бабашевич Утеубаев	1962 жылы туған, «Eurasian Industrial Chemical Group» ЖШС бас директоры, Саран қаласында тұрады, өзін-өзі ұсынған
7	Сабит Сексембекулы Шорин	1964 жылы туған, «Академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ оқытушысы, Қарағанды қаласында тұрады, өзін-өзі ұсынған	7	Рауан Михайлович Шаекин	1962 жылы туған, «РОСТ басқарушы компаниясы» ЖШС директоры, Астана қаласында тұрады, өзін-өзі ұсынған
№18 округтік сайлау комиссиясы			№19 округтік сайлау комиссиясы		

Қарағанды облыстық сайлау комиссиясының
ХАБАРЛАМАСЫ

2023 жылғы 19 наурызға тағайындалған мәслихаттар депутаттарының кезектен тыс сайлауында партиялық тізімін облыстық мәслихат депутаттығына кандидат етіп тіркеу туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңының 104-бабына сәйкес, Қарағанды облыстық сайлау комиссиясы 2023 жылғы 14 ақпанда партиялық тізімдерді тіркеді:

«Ақ жол» Қазақстанның Демократиялық Партиясы» қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облыстық филиалының партиялық тізімін тіркеді, оған келесі құрамда 7 адам кіреді:

1	Ермек Төлеуұлы Әбілдин	1980 ж.т., «Ақ жол» КДП ҚОФ төрағасы, Қарағанды қаласында тұрады
2	Азамат Әлиұлы Алтайбаев	1979 ж.т., «Absolut SMART Devepment GROUP» ЖШС директоры, Теміртау қаласында тұрады
3	Марина Михайловна Бошель	1970 ж.т., жеке кәсіпкер, Теміртау қаласында тұрады
4	Ойрат Серікұлы Нұрказов	1981 ж.т., «Компания «Автоцентр-Бахус» ЖШС бас директоры, Қарағанды қаласында тұрады
5	Марина Васильевна Шиллер	1980 ж.т., «Synergy life» ЖШС директоры, Қарағанды қаласында тұрады
6	Артур Сергеевич Кинсфатер	1995 ж.т., «КАП и СУ» ЗТҚ және ЖК заң департаментінің басшысы, Қарағанды қаласында тұрады
7	Төрткөл Жетпісбайұлы	1992 ж.т., «Автогород-09» ЖШС бас директоры, Қарағанды қаласында тұрады

«AMANAT» партиясы» қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облыстық филиалының партиялық тізімін тіркеді, оған келесі құрамда 26 адам кіреді:

1	Рыскали Әбдікеров	1959 ж.т., қоғам қайраткері, Қарағанды қаласында тұрады
2	Қайрат Жунусович Абилин	1968 ж.т., «Saryaqsa aqparat» ЖШС директоры, Қарағанды қаласында тұрады
3	Мұрат Смағұлұлы Әбілов	1959 ж.т., Қарағанды облысының жеке сот орындаушылары палатасы басшысының орынбасары, Қарағанды қаласында тұрады
4	Бекзат Қомарұлы Алтынбеков	1973 ж.т., «AMANAT» партиясының Қарағанды облыстық филиалының төрағасы, Қарағанды қаласында тұрады
5	Серікжан Берікбайұлы Байбосынов	1983 ж.т., Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Қарағанды облысы бойынша филиалының директоры, Қарағанды қаласында тұрады
6	Меруеш Башай	1974 ж.т., Қ.Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің артисі, Қарағанды қаласында тұрады
7	Иван Владимирович Георгиади	1980 ж.т., «Имсталькон» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы, Теміртау қаласында тұрады
8	Елдос Бақтыбайұлы Жүнісов	1994 ж.т., Қарағанды облысының заң консультанттары палатасының төрағасы, Қарағанды қаласында тұрады
9	Марат Кеңесұлы Ибатов	1961 ж.т., «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КЕАҚ Басқарма төрағасы-ректор, Қарағанды қаласында тұрады
10	Аида Сұңғатуллақызы Ысқақова	1990 ж.т., Баймырза ауылы Мәдениет үйінің меңгерушісі, Теміртау қаласында тұрады
11	Сергей Павлович Ким	1961 ж.т., «Шұбаркөл көмір» АҚ бас директоры, Қарағанды қаласында тұрады
12	Ләззат Таймырқызы Қожахметова	1976 ж.т., «Talbesyk» көпбалалы аналар одағы» қоғамдық бірлестігінің басшысы, Қарағанды қаласында тұрады
13	Александр Григорьевич Купrienko	1980 ж.т., «Оптимальный» ЖШС директоры, Қарағанды қаласында тұрады
14	Ерсайын Саянұлы Қобыланды	1994 ж.т., «Қарқаралы ауданының Жастар ресурстық орталығы» КММ директоры, Қарқаралы қаласында тұрады
15	Арыстан Ғазизұлы Мағзұмов	1973 ж.т., «№ 2 көпсалалы аурухана» КМК директоры, Қарағанды қаласында тұрады
16	Амангелді Тұрсынұлы Мұқашев	1973 ж.т., «Астра-Агро LTD» ЖШС директоры, Қарағанды қаласында тұрады
17	Наиль Эльдусович Мунасинов	1974 ж.т., «GLOBAL CITY» ЖШС коммерциялық департамент директоры, Қарағанды қаласында тұрады

18	Гүлназ Нұрғалиқызы Мусина	1971 ж.т., «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КЕАҚ инфрақұрылым дамыту жөніндегі директоры, Қарағанды қаласында тұрады
19	Мейір Мұбаракұлы Мұбараков	1964 ж.т., кәсіпкер, Қарқаралы қаласында тұрады
20	Ілияс Елнарулы Смаилов	1999 ж.т., «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КЕАҚ Жастар саясаты жөніндегі департаментінің әдістемешісі, Қарағанды қаласында тұрады
21	Асқар Бегалыұлы Оразбеков	1988 ж.т., жеке кәсіпкер, Қарағанды қаласында тұрады
22	Талғат Бабашұлы Өтеубаев	1962 ж.т., «Eurasian Industrial Chemical Group» ЖШС бас директоры, Саран қаласында тұрады
23	Ержан Болатұлы Хамитов	1991 ж.т., «AMANAT» партиясының «Жастар Рухы» Қарағанды облысы бойынша жастар қанатының төрағасы, Қарағанды қаласында тұрады
24	Зара Хамитқызы Шалабаева	1983 ж.т., «Жаңа Қазақстан» азаматтық қоғамы» ҚБ төрағасы, Қарағанды қаласында тұрады
25	Жанна Филипповна Штергер	1969 ж.т., «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС Заң қызметі департаментінің бөлім бастығы, Қарағанды қаласында тұрады
26	Виталий Васильевич Ямковой	1964 ж.т., «Жатва» ІШК директоры, Осакаров ауданының Есіл ауылында тұрады

«Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясы» қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облыстық филиалының партиялық тізімін тіркеді, оған келесі құрамда 7 адам кіреді:

1	Серғазы Мынжасарұлы Әлekenов	1956 ж.т., «Фитохимия» ХҒӨХ бас директоры
2	Аян Болатұлы Әбдікәрімов	1965 ж.т., кәсіпкер, Қарағанды қаласында тұрады
3	Анар Ақылбекқызы Тұрмұхамбетова	1969 ж.т., «Қарағанды медицина университеті» КЕАҚ Басқарма төрағасы-ректор, Қарағанды қаласында тұрады
4	Гүлнара Маратқызы Зейноллина	1969 ж.т., «Республикалық ветеринарлық лаборатория» РМК Қарағанды облыстық филиалының директоры, Қарағанды қаласында тұрады
5	Арайлым Айдосқызы Әмірова	1990 ж.т., «Еркіндік жалпы білім беру мектебі» КММ директоры, Шет ауданының Еркіндік ауылында тұрады
6	Сұлтан Шоқанұлы Шәймағамбет	1992 ж.т., «JARQYN BOLASHAQ» ҚБ төрағасы, Қарқаралы ауданының Қарқаралы қаласында тұрады
7	Нұрлан Абайұлы Абдуллин	1997 ж.т., «Үштөбе жалпы білім беру мектебі» КММ мұғалімі, Бұқар жырау ауданының Үштөбе ауылында тұрады

Облыстық сайлау комиссиясы

Қарағанды облыстық сайлау комиссиясының
ХАБАРЛАМАСЫ

2023 жылғы 19 наурызға тағайындалған мәслихаттар депутаттарының кезектен тыс сайлауында «Respublika» партиясы» қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облыстық филиалының партиялық тізімін облыстық мәслихат депутаттығына кандидат етіп тіркеу туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңының 104-бабына сәйкес, Қарағанды облыстық сайлау комиссиясы 2023 жылғы 16 ақпанда «Respublika» партиясы» қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облыстық филиалының партиялық тізімін тіркеді, оған келесі құрамда 4 адам кіреді:

1	Асхат Жалғасбайұлы Есентұров	1982 ж.т., «Колғанат-Қарағанды» ЖШС директоры, Қарағанды қаласында тұрады
2	Арман Жақанұлы Әлімжанов	1989 ж.т., «ARMANFILMS» ЖШС директоры, Қарағанды қаласында тұрады
3	Любовь Александровна Багирова	1981 ж.т., «Облыстық балалар клиникалық ауруханасы» КМК дәрігері, Қарағанды қаласында тұрады
4	Әділет Тілепбергенұлы Амандықов	2000 ж.т., Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің студенті, Қарағанды қаласында тұрады

Қарағанды облыстық сайлау комиссиясы

Қарағанды облыстық сайлау комиссиясының
ХАБАРЛАМАСЫ

2023 жылғы 19 наурызға тағайындалған мәслихаттар депутаттарының кезектен тыс сайлауында «Байтақ» қазақстандық жасылдар партиясы» қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облыстық филиалының партиялық тізімін облыстық мәслихат депутаттығына кандидат етіп тіркеу туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңының 104-бабына сәйкес, Қарағанды облыстық сайлау комиссиясы 2023 жылғы 15 ақпанда «Байтақ» қазақстандық жасылдар партиясы» қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облыстық филиалының партиялық тізімін тіркеді, оған келесі құрамда 3 адам кіреді:

1	Сейфул-Мәлік Төреханұлы Қазитов	1977 ж.т., «ҚазЭкоЗаң» ЖШС директоры, Қарағанды қаласында тұрады
2	Василий Александрович Климаков	1982 ж.т., «НБК Прогресс» ЖШС атқарушы директоры, Қарағанды қаласында тұрады
3	Жадыра Рамазанқызы Мұхтарова	1995 ж.т., өзін-өзі жұмыспен қамтыған, Қарағанды қаласында тұрады

Қарағанды облыстық сайлау комиссиясы

Қарағанды облыстық сайлау комиссиясының
ХАБАРЛАМАСЫ

2023 жылғы 19 наурызға тағайындалған мәслихаттар депутаттарының кезектен тыс сайлауында «Қазақстан Халық партиясы» қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облыстық филиалының партиялық тізімін облыстық мәслихат депутаттығына кандидат етіп тіркеу туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңының 104-бабына сәйкес, Қарағанды облыстық сайлау комиссиясы 2023 жылғы 13 ақпанда «Қазақстан Халық партиясы» қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облыстық филиалының партиялық тізімін тіркеді, оған келесі құрамда 12 адам кіреді:

1	Қайрат Қапарұлы Біржанов	1961 ж.т., «Қазақстан заңгерлер одағы» облыстық филиалының мүшесі, Қарағанды қаласында тұрады
2	Жан Серікұлы	1988 ж.т., «KZHS Group» ЖШС бас директоры, Қарағанды қаласында тұрады
3	Ерсен Саулебайұлы Толкеев	1971 ж.т., өзін-өзі жұмыспен қамтыған, Теміртау қаласында тұрады
4	Виктор Петрович Щетинин	1959 ж.т., «АрселорМиттал Теміртау» АҚ Металлургтердің «Жақтау» кәсіподағы» ҚБ төрағасы, Теміртау қаласында тұрады
5	Көпжасар Сызбекұлы Қыстаубаев	1978 ж.т., «Энергометрoсepвис» ЖШС бас инженері, Қарағанды қаласында тұрады
6	Мейрам Мәзұлы Қарасартов	1959 ж.т., «Кәсіпкерлердің Евразия Қауымдастығы» ЗТБ ҒӨБ заңгері, Қарағанды қаласында тұрады
7	Елеужан Елемесұлы Серімов	1960 ж.т., «Bolashaq» Академиясының ғылыми орталығының басшысы, Қарағанды қаласында тұрады
8	Айгүл Ерболсынқызы Қалиева	1998 ж.т., «KZHS Group» ЖШС экономисі, Қарағанды қаласында тұрады
9	Мадина Берікқызы Игібаева	1992 ж.т., «KZHS Group» ЖШС жабдықтаушысы, Қарағанды қаласында тұрады
10	Акерке Даукенқызы Тұрсынова	1991 ж.т., жеке кәсіпкер, Қарағанды қаласында тұрады
11	Дмитрий Сергеевич Полтаренко	1978 ж.т., «Қарағанды облысының Азаматтық Альянсы» ЗТБ Қауымдастығының президенті, Қарағанды қаласында тұрады
12	Заңғар Мәдениетұлы Мүсірепов	2001 ж.т., Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетінің студенті, Қарағанды қаласында тұрады

Қарағанды облыстық сайлау комиссиясы

• ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫ

Кеңес ұсынды, билік назарға ала ма?

Облыстық Қоғамдық кеңестің кезекті отырысында биыл аймақта ұйымдастырылатын мәдени-бұқаралық іс-шараларды өткізудің жоспары мен тәртібі талқыланды. Олардың дені қоғамдық, саяси маңызды бар оқиғаларға, ұлттық және мемлекеттік мерекелерге орайластырылған. Бірақ, кеңес мүшелерін толғандырғаны – аты дардай болғанымен, көбінесе бір күндік сипатқа ғана ие шаралар «тұрғындардың қызығушылығын тудыра ала ма?» деген мәселе. Тіпті, ұйымдастырылатын шаралар арқылы табыс табуды да қарастыру керек шығар деген ұсыныс болды. Кеңес төрағасы Жәнібек Садықанов болса, облыстың бизнес өкілдерін де мұндай шараларға тарту керек дейді. Жиынға облыстың ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрлан Бикенов пен мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Еркебұлан Жұмакенов қатысты.

Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мәселе бір күнде шешілмейді

– Қазақ Наурыз мейрамына ерекше мән беріп, оны «Ұлыстың Ұлы күні» деп атайды. Облыстың қоғамдық кеңес мүшелерінің пікірінше, қарағандылық кәсіпкерлердің көпшілігі бұл мерекеге тиісті көңіл бөлмейді. Наурыз – жаңару мерекесіне орай жекеменшік нысан иелері нысандарының қасбеттерін безендіріп, қызмет көрсету персоналының формасына ұлттық ою-өрнек элементтерін қолданып қана қоймай, өзге де шығармашылық тәсілдерді пайдаланса, – дейді Жәнібек Махмұдұлы.

Одан бөлек, кеңес мүшелері қала және аудан әкімдері түрлі шараларға байланысты «Үздік супермаркет», «Үздік сұлулық салоны» және тағы басқа номинациялар бойынша байқау ұйымдастырса деген ұсыныстарын білдірді. Ұсыныстарына елеулі салмақ беру мақсатында қоғам қайраткерлері жиынға ұлттық киіммен келген.

Дүние жүзі қазақтары қауымдастығы Қарағанды облыстық филиалының басшысы



Меруеш Башай қоғам қайраткерлерінің мерейтойы небары бір-ақ күн аталатынына тоқталды. Оны халыққа жеткізу үшін атаулы даталар туралы жыл бойы әлеуметтік парақшаларда жариялап отырған жөн дейді ол. Сондай-ақ, сырттан келетін әншілерге бөлінетін қаржыны да назардан тыс қалдырмады.

– Шараларды өткізуге мемлекет қаржысы жұмсалады. Сондықтан, әр шара халықтың есінде қалатындай болуы керек. Мәселен, біздегі Наурыз мерекесі киіз үйде көже ішумен ғана есте қалады. Ал, сырттан келген әншіге миллиондап қаржы төлегенше, оны түрлі сайыстар ұйымдастырып, ұлттық салт-дәстүрімізді

дәріптеуге жаратса, құба-құп болар еді, – дейді Меруеш Башай.

Шара өткізіп, есеп беру мақсат болмауы тиіс

Ал, заң ғылымдарының кандидаты, Е.Бөкетов атындағы ҚарУ қауымдастырылған профессоры Болат Сыздықұлы тұлғалардың аттарын, ұлттық брендке айналған

ру ғана емес, сондай-ақ, қосымша қаржы тарту болуы керек. Ал, ол үшін халық жаппай хабардар болуы тиіс.

– Биылғы өткізілетін шаралардың көлемі ауқымды. Олардың тақырыптары да жыл сайын ауысып отырады. Өкініштісі сол, халық бұл туралы білмейді, білген күннің өзінде бір күн қалғанда ғана хабардар болады. Ал, өтетін шараға адамның қатысуы үшін алдын ала жоспарлауы тиіс. Мысалы, биылға жоспарланған «Қоянды жәрмеңкесіне» бару үшін алдымен оның қайда өтетіні, қалай өтетіні туралы, қанша күн өтетінін білуі тиіс. Оған кем дегенде жарты жыл дайындалады. Ал, егер бір апта бұрын ғана білсе, бара қоюы екіталай. Егер жарнамасы жақсы әрі ертерек болса, Қарқаралыға облыс бойынша ғана емес, өзге өңір тұрғындарын да тартуға болар еді, – дейді Руслан Никонович.

Кеңес мүшелерінің жарнаманы күйейту керек деген ұсынысын зейнеткер, ауыл шаруашылығы саласының үздігі Никанбай Омарқанов та қолдады.

Биылғы шаралар жоспары қандай?

Облыстың ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрлан Бикеновтің айтуынша, биыл еліміз үшін аса маңызды тарихи және мәдени бірқатар атаулы және мерейтойлық күндерді атап өту жоспарлануда. Олардың қатарында «Ақтаған шұбырындының» – 300 жылдығы, Сұлтан Бейбарыстың – 800 жылдығы, Қазақстанның ұлттық валютасының ақша айналымына енгізілгеніне – 30 жыл, Қазақстанның ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қосылғанына 30 жыл сияқты шаралар бар. Одан бөлек, Махамбет Өтемісұлының – 220, Ақан серінің – 180, Шәкәрім Құдайбердіұлы-

ның – 165, Амангелді Имановтың – 150, Мағжан Жұмабаевтың – 130, Сұлтанмахмұт Торайғыровтың 130 жылдығы сияқты бірқатар танымал тұлғалардың мерейтойларына арналған шаралар өткізілмек.

– Президент Әкімшілігінің халық пен билік бірлігі идеологиясын насихаттау ұсыныстарының негізінде облыста басты әлеуметтік маңызды және мәдени іс-шаралардың 2023 жылға арналған желілік кестесі дайындалып, бекітілді. Оған 174 шара кіреді. Қатарында мерейтойлар, мемлекеттік және кәсіби мерекелер, нысандар ашу, фестивальдер, форумдар, қайырымдылық шаралар, тұрғын үйді пайдалануға беру және тағы басқалары бар, – дейді Нұрлан Рахметуллаұлы.

Ал, облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Еркебұлан Жұмакенов облыста жыл сайын мәдениет және өнер ұйымдары мемлекеттік және күнтізбелік мерекелерге, мемлекет қайраткерлерінің, жазушылардың, композиторлардың және әртістердің мерейтойлық күндеріне мынанан астам іс-шаралар өткізілетінін айтты.

– Мемлекеттік және ұлттық мерекелерге арналған имидждік және мәдени-бұқаралық іс-шаралардың ішінде «Қош келдің, әз Наурыз» театрландырылған мерекесін, Қазақстан бірлігі күніне арналған театрландырылған қойылымды, Женіс күнін мерекелеу аясында «Ардагерлер ән айтады» ардагерлер хор ұжымдарының облыстық фестивалін, Шахтер күніне, Metallurg күніне, ҚР Конституциясы күніне, Республика күніне, ҚР Тәуелсіздік күніне, облыс әкімінің мәдениет және өнер қызметкерлеріне арналған сыйлығын мерекелеуге арналған іс-шараларды, «Жұлдыздар аллеясында» жұлдыздың ашылу салтанатын, «Jasartfest» жастар субмәдениеттерінің музыкалық фестивалін, «Taldy fest» халықаралық этнофестивалін ерекше атап өткім келеді, – дейді Еркебұлан Қайроллаұлы.

• САЙЛАУ – 2023

Партиялық тізімдер тіркелді

Қазақстан Республикасының «Сайлау туралы» Заңының 104-бабының 1-тармағына сәйкес, облыстық комиссия саяси партияларға ұсынылатын партиялық тізімдерді тіркеу туралы шешім қабылдады. Бүгінде аймақта партиялық тізімдерді тіркеу аяқталып, саяси партиялар құжаттарын алды. Алты партия Қарағанды облыстық мәслихатына кандидаттар тізімін ұсынды. Облыстық сайлау комиссиясы саяси партиялар арасынан «AMANAT» – 26 адам, «Ақжол» – 7, «Қазақстан Халық партиясы» – 12, «Ауыл» – 7, «Respublica» – 4, «Байтақ» – 3 кандидатты тіркелді.

Сағыншы ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Елімізде тіркелген жеті партияның бірі – «Жалпыұлттық социал-демократиялық» партиясы облыстық мәслихатқа құжаттарын тапсырған жоқ. Облыстық мәслихатқа аралас жүйе бойынша 36 депутат сайланды. 18-і депутаттыққа үміткер ретінде партиялық тізім және 18-і бірмандатты округ бойынша іріктелді.

Алты партиядан бірмандатты округтер бойынша 793-тен аса адам өз кандидаттарын ұсынды. Мәжіліс Парламентіне тапсырған 30 адамның 12-сі тіркелді. Облыстық мәслихат бойынша, бірмандатты округ бойын-



ша 70 адамның 26-сы тіркелді. Қалалық және аудандық мәслихат депутаттығына үміткер ретінде тіркелуші кандидаттардың белсенділігі жоғары. Қалалық мәслихатқа 398 адам ұсыныс берсе, оның 195-і тіркелді, аудандық мәслихатқа 294 адам ұсынылса, 147-сі тіркелген. Кандидаттарды тіркеуде барлық құжаттар заңға сәйкес қаралып, тексерілу үстінде. Әзірге ешқандай олқылықтар орын алмаған. Кемшіліктерді саяси партия төрағаларымен шешуде жұмыстар жүргізілуде.

– Облыстық мәслихатқа тізімдерін алты партияның филиалдары ұсынды. Олар «Қазақстан Халық партиясы», «Байтақ», «Ауыл», «AMANAT», «Ақжол» және «Respublica» партиялары. Үміткерлер арасында бәсекелестік күшті. Атап айтқанда, бір орынға төрт адам. Кандидаттар арасында әйел адамдар мен жастардың үлесі 30%-дан жоғары. Саяси долада белсенділік танытып жатқандар қатары көп. Ең жас кандидаттың жасы жиырмада, – дейді облыстық сайлау комиссиясының төрағасы Қайрат Нұрқенов.

Облыс бойынша 654 сайлау учаскесі жұмыс жасаса, оның 182-сі Қарағанды қаласында.

• ӨНДІРІС

Жаңа кен орны іске қосылмақ

Қарқаралы ауданында 2023 жылы іске қосылатын инвестициялық жобалардың бірегейі – Бесоба ауылдық округіндегі «Қамқор» кен орны. Аталған кен орны былтыр «Қамқор – СарыАрқа» бірлескен кәсіпорны» ЖШС аталып, өз жұмысын бастаған еді.

Дулат ЖҮНІСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жалпы құны 8,2 млрд. теңге болатын жобаның өндірістік қуаттылығы – жылына 1,0 млн. тоннаға дейін кен өндіру және 128,0 мың тоннаға жуық дайын мыс қойырtpасын шығару.

Бүгінгі күні серіктестік 16 жылға кен өндіру лицензиясын алып, қажетті жер телімін белгілеген. Қазір мұнда құрылыс жұмыстары қарқынды түрде жүргізілуде. Нақты айтқанда, фабрика салу,

оған керекті электрмен жабдықтау, сыйымдылығы 140 орындық екі жатақхана тұрғызу. Осынау іске 70 жұмысшы тартылған. Олардың жиырмасы – жергілікті тұрғындар.

Жүргізіліп отырған жұмыс нәтижесі туралы айтсақ, осы күнге дейін берілген инвестицияның 4 млрд. теңгесі игеріліпті. Болашақта 150 адамды жұмыспен қамтитын кен орнын толық іске қосу 2023 жылдың тамыз айына жоспарланған.

Қарқаралы ауданы

• ДЕНСАУЛЫҚ

Өңештен өткеннің бәрі қауіпсіз емес

Тиынның неше атасы, батареілер, леґо ойыншықтар, ине, түйреуіш, тіпті қарындаш пен құлаққап – облыстық балалар клиникалық ауруханасындағы эндоскопия кабинетінің «коллекциясы». Мұның барлығы балалар жұтып қойған заттар. Кабинет меңгерушісі Медет Омаровтың айтуынша, бұл тек жартысы ғана екен. Көбінесе, ата-аналар баласы жұтқан затты алып кететін көрінеді. Естелікке.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Дәрігердің айтуынша, түрлі бөгде заттар балалардың тыныс алу және асқазан-ішек жолдарына жіі түседі.

– Балалар жіі жұтатын заттардың бірі – тиын. Әдетте ол асқазан жолдарында анықталады. Ал, тыныс алу жолдарында көбінесе шемішкенің қабығы, жаңғақ тұрып қалады. Бөгде зат жұтқан балалар бізде көп жатпайды. Эндоскопиялық қысқаш пен ілмек арқылы ауыздан аламыз. Жыл басынан бері

он шақты балаға осындай көмек көрсеттік. Былтыр 192 бала болған, – дейді Медет Тұрсынғалиұлы.

Баланың жасы мен бойына қарай кейбір заттар табиғи жолмен өздігінен шығуы мүмкін.

– Егер жұтып қойған зат асқазаннан өтсе, онда ол өздігінен шығады. Ондай кезде біз тексеріп, баланы қайтарамыз. Өткір зат болса, қадалып қалуы әбден мүмкін немесе ішкі ағзалар қатпарында қалып қояды. Ондайда біз алып шығамыз, – дейді дәрігер.

Зат асқазан жолында тұрып қалса, сілекей бөліну көбейеді, локсиды. Тыныс алу жолдарында болса,



балада ентігу, жөтел, тамақ қырылдау сияқты белгілер байқалады. Мұндай балаларды әуелі хирург қарап, қажет ағзаға рентген жасалады. Қандай да бір заттың бар екені анықталса, анестезиолог маманның қатысуымен ол зат алынып тастала-

ды. Дәрігердің айтуынша, операциясыз болмайтын жағдайлар да кездеседі. Мәселен, осы айдың басында магнит жұтып қойған бала жайлы бұқаралық ақпарат құралдары жариялап еді. Оған операция жасалып, бала екі апта ауруханада жатып

шықты. Әдетте балалар магниттің барлығын бірден емес, бөліп-бөліп жұтады екен. Содан олардың ара-сынды ішектер жабысып қалады.

Дегенмен дәрігер жұтқан заттардың ішінде қауіптісін атады.

– Ең қауіптісі батареі мен ине жұту. Батареі ішке түскен кезде реакция береді. Соның себебінен ол түскен жер бірнеше сағаттың ішінде ойылып қалуы мүмкін. Ал, ине сияқты үшкір заттар біріншіден қадалып қалуы мүмкін. Екіншіден, жіңішке болғандықтан асқазаннан шығып басқа ағзаларға кіруі, мәселен, жүрекке қадалуы ғажап емес. Адам қозғалғанда, түшкіргенде ине орнын ауыстыра береді, – дейді ол.

Тыныс алу жолдарына түскен заттар бронхтарда қалып қояды. Мұндай жағдай ересек балаларда кездеседі. Олар күліп, ойнап отырып дем алып қалуы мүмкін.

– Бір баланың тыныс жолдарына дән кетіп қалған. Оны ата-анасы білмеген. Олар пневмониядан ем алып жүргенде анықталады. Дән өкпесінде шіріп, ақыры өкпесінің шамалы бөлігін алып тастауға тура келді, – дейді Медет Омаров.

Ол тұрғындарды бала қауіпсіздігіне аса мұқият болуға шақырады.



Әдебиет – өмірдің қағазға түскен нұсқасы. Өмірде алуан оқиға, мың-сан тағдыр болатыны секілді, әдебиетте де түрлі-түрлі жазғдай, қилы-қилы тағдыр, алуан түрлі образ бар. Ой назарында оқырман – алушының талғамы да тарам-тарам. Тапқанына разы, таппағанына сабыр етіп, талғамына қарай оқып жүрген жайы бар. Ой базардағы са-тушы – қаламгер де қал-қадерініңше қалам тербейді. Қоғамның әр саласы секілді әдебиет те за-манға сай өзгерді, құбылды, түледі. Бір анығы, тоқтап қалған жоқ. «Ortalyq Qazaqstan» газеті де сол әдеби үдеріске қосылып, басылымның бір бетін «Қаламгер» қосымшасына арнап отыр.

Мұнда сіздер «Әдебиет жайлы үш сауал» айдарымен «Қазіргі елдің айтып жүрген мотивациясы осы кітапта жатыр» деген пікір иесі жазушы Төрехан Майбастың шағын сұхбатын, Қарағанды қаласында туып-өсіп, Астанада оқытушы болып жүрген ақын Ақерке Асанның өлеңдерін, жазушы Серік Сағынтайдың «Қарға» әңгімесіне жазылған рецензияны оқи аласыздар.

• ӘДЕБИЕТ ЖАЙЛЫ ҮШ САУАЛ

Сөз өлмейінше, «Слово» да өлмейді

Төрехан МАЙБАС, жазушы

– Жақында қандай әдеби кітап оқыдыңыз?

– Мен әу бастан оқырманмын. Үшінші сыныпта жүріп «Батырлар жыры-



нын» екі томдығын, «Қазақ ертегілерін», «Мың бір түн-нің» төрт томдығын оқыдым дегеніме сенііз. Содан бері оқырманмын. Әке-шешеміз оқы деп емес, оқыма деп жалынушы еді...

Оқуға уақыт талғаймаймын. Ертеңгілік те, талтүсте де, кешкілікте де, түнгілікте де кітап оқимын. Арнайы әдебиеттерді көп қараймын. Қатарынан бірнеше кітап оқуым мүмкін.



Соңғы оқығандарым Өмір Көріп ағамыздың «Тұғыры», Әуезхан Көшімовтің «Қысталаң жылы» және Жан Пол Сартрдың «Словосы»...

– Одан қандай ой түйдіңіз?

• РЕЦЕНЗИЯ

«Қарға» әңгімесіндегі обал-сауап

Обал-сауап ұғымы адамзат санасына қай кезеңде, қалай орнағанынан бейха-бармыз. Десе де, өзге жаратылыстан адамзаттың бір артықшылығы – обал-сауапты білетіні деп түсінетініміз мәлім. Өзге жаратылыстікі тек инстинкт деп қоя-тынымыз тағы бар. Алайда, адамның обалсыздығы, өзге жаратылыс нелеріне тіпті, өз-өзіне қиянаты хайуанаттардағы жыртқыштық инстинктен де асып түсіп, жантүршіктірген тұстар жоқ емес.

Назым ДУТБАЙ, «Ortalyq Qazaqstan»

Қоғам мүшелері өздері өмір сүретін органы ізгілендіруде әуелде дінге жүгінсе, дін әлсірей бастағанда ізгілікке үндеу миссиясын әдебиет алып жүргендей көрі-неді де тұрады.

Бұл ойымызды қарағандылық жазушы Серік Сағынтайдың «Қарға» әңгімесі мейлінше күшейте түсті.

Жазушының 26 жасында жазған шығармасын 2018 жылдың 23 желтоқса-нында Әдебиет порталы жариялап, оны күні кешеге дейін 14989 адам оқыпты. Портал туынды жанрын эфсана деп бер-ген екен. Шығарма желісі қарға жайлы дерек айтатын автор, қаргадан күнбағыс плантациясын қорғағысы келген шаруа, қарғаны үркітудің озбыр тәсілін тапқан шаруаның пысық досы Қабыл және еш жазығы жоқ Әділ арасында өрбиді.


Алғашында ой-толғаммен басталған эфсана орта тұсында оқырманын адам-ның тіршілігі түйтікіліне жетелеп алып ба-рады. Жанбағу үшін ойға алған ісін қалай да жүзеге асырғысы келген, өз ойының дұрыстығын, қолынан бірдене келетінін дәлелдегісі келген қарапайым адам. Қаргадан айырмасы тек инстинкке сүйен-бей, әр шешімін өзі қабылдайды. Нәпақа табу жолындағы амал-тәсілдің жақсы-жа-манын да таңдай алады.

Өз пайдасы үшін өзге жаратылыс иесі-не қиянат қылған адам жайлы жетісулық жазушы Есболат Айдабосын «Ит тір-лік» хикаятында сөз етеді. Екі қаламгер шығармасындағы түпкі ой бір болғанмен,

жеткізу тәсілі екі түрлі. Бірінде образ аз, сюжет те жоққа тән. Екіншісінде, образ, сюжет, характер бар. Бірі ойын Құран Кәрімнің сүресімен тәпсірлесе, бірі хика-яттың мәнін түсіндіріп әуре болмайды. Екі шығарманың басталуы да ұқсас. Бірі – қарға туралы, екінші – ит жайын-да. Бірі есті тіршілік иесі адамның қарға құрлы болмағанын, екіншісі адамның ит тірлігін баяндайды. Екеуінен де адамның өзінен басқа жаратылысқа миығынан қарайтын пиғыл байқалады. Өзге жа-ратылысқа миығынан қарауға адамзат баласы, яки, біздің қазақ қай кезде әдет-теніп алғаны тағы беймәлім. Мәлімі екі қаламгерге де сол әдет қатты батады. Қа-бырғаны қайыстырған жаман әдетке де-ген ішкі қарсылық пернетақтада теріліп қағазға түсті, сайттарға жарияланды.

«Қазір бастаймыз. Мен мына магнито-фонға, таспаға жазуды бастаған сәтте қол-дарындағы шегемен қарғаларды бас-көзге қарамай піскілейсіндер. Дауысынан ко-рықпандар. Бәлемдердің үндерін жазып алып, басқа қарғаларға тыңдатамыз...». Бұл плантацияны қаргадан қорудың тәсілін тапқан Қабылдың сөзі. Ал, Киіз-бет қиянат қылған иттің бала кезін автор «Ызғыт кенже туды, екі ұяласына қа-рағанда сидаң еді. Сондықтан, болар енесі Ызғытты көп еркелететін. Тар ұяның ішін-де таласып ойнап, астаң-кестеңін шыға-ратын әлгі екеуді ашуланғанда желкеден алып лақтырып жіберетін, ал Ызғытқа тіс батырмайтын», – деп баяндайды.

Қарғаның көп жасайтынын білетін жазушы Серік Сағынтай одан «атала-рым туралы айтшы...» деп сұрайды. Бұл



сұрақтан автордың аталары өмір сүрген заманда бүгінгіден гөрі обал-сауап деген ұғым күшті болған деп санайтыны және сол кезеңдегі табиғатпен үйлескен өмірге деген аңсар аңғарылады.

Серік Сағынтай өзі жаны ашыған қарғамен ойша сөйлесе, Есболат Айда-босын итке адам секілді характер беріп, сезімтал етеді. Қос мақұлық та авторлар айтқандай бірі сырласуға пейілсіз, бірі сондай сезімтал болмауы мүмкін, бірақ сіз оқырман ретінде иланасыз. Ол илану-дың астарында да озбырлыққа қарсылық, меірімге құштарлық бар.

«Ит тірліктегі» мақұлықтың табиғаты, «Қарғадағы» құстың көзі көрген қорек-тен құр қалмауы жабайы инстинкт бол-ғанымен жаратылыстың үйлесіміне қайшы емес. Ал, ақылды жаратылыс иесі – адам-ның тандауы не себепті үйлесімге қайшы келе береді екен?»...

• ӨЛЕҢ

Ақерке АСАН (Ақжауын) – Қарағанды қаласының тумасы, жас ақын. Мемлекеттік тапсырыспен жарық көрген «Ақзер», «Айша Бибі» жыр жи-нақтарының авторы. Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті филология факультетінің аға оқытушысы.



Тоғышарлар – тарих жасап тұрқымен, Тексіз ұрпақ – ойнап жатыр ұлтымен... Туелсіздік! Төбемізден түскен жоқ, Ол оралды – Хан Кененің рухымен!

Қасқыр заман, қыспағында беренім, Қазақ үшін құрбан болған ер едің. Боз даланың боздақ мұңын аркалап, Өзінді іздеп келді міне өреңің...

Эрмитажда...жанды баурап тұма мұң, Көз жасыммен тарих шаңын жуамын, Хан Кененің рухы, сірә, қолдады - жүрегімде жүріп өтті бір ағын...

Санкт-Петербург, 2015 ж.

Жылуына оранып Қасым жырдың...

Айша Бибі немесе Ар туралы аңыз

“...құз, бұлттар, дөңгелеген дүние...” *Айша бибі кесенесіндегі жазу...

Тіл бітірген Қорқыттың қобызына, Әулие Ата... тәу еттім Абызыма! Құлақ түріп өсіп ем бала жастан, Айша бибі – Қарахан аңызына.

Айша бибі... Мұнымды тұрам шағып, Топырағыңды түйіп ем тұмарша ғып. Көз көрім жер қалғанда сүйіктіне, Өлді дейді өзіңді жылан шағып.

Жылан тағдыр... қалайша аямады, Көне Тараз – махаббат саябағы. Мұнарасы Арудың мұңға оранып, Айша қыздың сыңсиды баығы әні...

Махаббат пен ғадауат... нені күтті?! Ару арман сан рет жеңіліпті. Қараулықтың жыланы шаққан дейді: Ләйлі, Жібек, Баян мен Еңлікті.

Бағзы ғайып... бұл күннің сұсы бөлек, Арулардың қол соқтық ісін елеп. Сайыстарда алтын тәж киген қызға, Айша Арудың кіршіксіз рухы керек.

Ақ көйлегін қалдырған жайып қырға, Пәк күйінде айналған ғайып нұрға... Айша қыздың арлы ісін ұмыт қылған, Алаш Ару дертіңнен айықтың ба?!...

Алаш Ару намыстың биігісің! Ар - шешетін махаббат түйінісін. Тексіздерді төріне шығармайтын, Ибалысың, иманның иірімісің.

Соны ойласам, менің де санам асқақ, Өлі талай дүрмектен... ғалам аспақ. Ар-ожданын арудың бұл күндері, «Жылан жалап» кеткендей жалаңаштап.

Иманменен қиылар неке нағыз, Сонда ғана ұрпақтан өседі Абыз... Айша Аруды андаусыз шаққан жылан, «Сұлу қызға» айналған деседі аңыз...

Өксік өмір, өзекке ыланды сап, Күрсінісін көңілдің тұрам тұсап... Түнгі клуб. Жартылай жалаңаш қыз, Елестейді көзіме жылан құсап... Тараз, 2017 ж.

Елегізу немесе Эрмитаждағы ой (Қазақтың соңғы ханы Кенесары Қасымұлының рухына)

Петерборда... ескі сүрлеу, ескі күн, Ауыр бұлттар еңсе басқан кеш бүгін. Эрмитажға күңгірт сәуле ұялап, Көне ғасыр...құй күмбірін естідім.

Бір керемет нұр құйылып ғарыштан, Заманалар елес берді бағы ұшқан... Жүрегімді осықалады намыс, кек, Көк бөрінің үні келіп алыстан.

Қүдіреті ұмытылмас бұл кештің, Өзге әлем...тылсымы көп сыр кештім. Күмбірлеген Хан Кененің рухымен, Намаздыгер шамасында тілдестім...

(Боз даласын қалғандай ма сағының), «Ұрпағым-ай, – деді бабам қамығып. Сүйек деген топыраққа айналап, Өлмейтұғын рухтың қалқам барын ұқ»

Кезі еді ғой намаздыгер, екінді, Құбылаға бұрдым Тәнір бетімді... Азаттықтың алтын тәжі – кей кезде, Хан Кененің ғазиз басы секілді!

Жанарыма мөлт-мөлт етіп жас келді, (Мұнды серік қылып мен де өскем-ді...) Хан Кенедей асыл баба аңсаған, Алашыма сол азаттық кеш келді.

Өзекті өртемей өр мінез, Жүрекке жығатын келді кез! Махаббат осындай тым қатал, Махаббат осындай қатігес.

Ар дей ме арманы адамның, Қалайша адамзат алдандың?! Махаббат ардан да биіктеу, Махаббат жасы екен жанардың.

Дертімді өгінем, үдетпе! Жетелеп түбі жоқ түнекке. Махаббат анты екен Тәңірдің, Дұға боп жазылған жүрекке.

Күрсініс күндердей күдікті, Дүрсілдер жігерді үгітті. Махаббат – уақыттың мазары, Махаббат – меккесі үмітті!

Қарашаның соңғы күні...

Қарашаның соңғы күні, Қара суық күй ойнап, Көңілімнің солар гүлі, Өткен күнді жиі ойлап...

Күбірлеген дұғасы көп, Жер айналып Күн, Айды. Ақ үмітім ақ ұлапа боп, Қара жерге құлайды ...

Сүрінген мен жеңілгендер, Жеңгендерге жем болып, Бұл дүниеде төгілген тер, О дүниеде м болып.

Жұбатамын өмір ғой деп, Кей сәтімнің осалын. Қарашаның соңғы түні еді, Соңғы мұң деп болжадым...

Қыс ұзатып, көктем шулап, Жаздан үміт күтсеміз. Бірақ түбі күздей қурап, Қараша боп кетеміз...

Жертөледе туған жыр

Абай жүрек арқалап ғасыр жүгін, Қанша абыздың бейнесін жасырды күн... «Жаңғыртып жер сарайын келгенімде» Жылуына тап болдым Қасым жырдың.

Жылуына оранып Қасым жырдың, Шуағына бөлендім асыл нұрдың. Ақ зер күннің айналған арманына, Жауқазыны мен едім жасып қырдың.

Шамшырақтар сенеді ерте неге?! Қасым ғұмыр...дарига-ай келте деме! Адамзаттың ақыны тіл қатыпты, Жердің иісі аңқыған жертөледе.

Қасым от қой, найзағай жаркылдаған, Жыр дария бастауы саркылмаған. Том-том кітап жазады тоғышарлар Алтын үйде, қолында алтын қалам.

Жертөледе туған жыр, тұма бұлақ, Осықлайды жанымды мына сұрақ. Құлагерді құлатқан жалғыз қазық, Таланттарға тап болды-ау күнә-сынақ.

Тіршіліктің қарсы алып бұла таңын, Арай күннің шапағын ұнатамын. Жер төледе туған жыр...Күрсінемін, Содан кейін өзімді жұбатамын.

Талқы тірлік, тағдырдың саяқ дәмі, Басқа шығып бі болған аяқтағы... Тас үңгірде ең алғаш түскен дейді, Құранның да алғашқы аяттары.

Дәмеленбей өмірден сый күтемін, Сезбеймін деп пенденің күйкі демін. Жер астында жазыпты Қожа Ахмет, Ең керемет кеменгер хикметін.

Қасым жыры жазылса жертөледе, Ақын өлді деменіз ерте неге... Алтын сарай тудырмас ақылды өлен, Ессіз ақын бекерге еркелеме!

Талантына бас ісін ғалам көріп, Серпілейін тұрғанда санамда ерік. Қасым ақын жыр жазған жертөледе, Періштелер қолына қалам беріп!



• ЖАНҚҰТТЫ БОТАНТАЙҰЛЫНЫҢ ТУҒАНЫНА – 220 ЖЫЛ

Жақсы Жәкең атанған Жанқұтты би

Нісі адамзат баласында көзінің тірісінде «Жақсы» деген атқа ие болған жандар көп емес. Бір ғажабы, сондай тұлғалардың көпшілігінің мәртебе, мерейі уақыттық мәнге ие. Яғни, сол уақыттың ғана еншісіне тиесілі. Ал, сол қағидаға бағынбай, кеше де, бүгін де, ертеңгі болашақта да есімі мен іс-әрекеті еш көмескіленбейтін тұлғалардың қатарына жататын ұлы баба, «Жақсы» деген атты тірісінде пеленген жан – Жанқұтты Ботантайұлы дер елік...

XVIII ғасырдың соңына қарай атақты Абылай хан бақилық болысымен, патшалық Ресейдің қазақ елін отарлауға қатысты зұлымдық саясаты бірден қарқын алды. Жаппай орыстандыру, негізгі дінінен алшақтатып, шоқындыру, оқыту (орыс тілінде) арқылы төл топырағындағы ұлттық құндылықтарынан алыстату – бәрі де дүлей өктемдікпен мәңгірттендіруге бастайтын алғышарттар еді. О.Сүлейменовше айтсақ, қазақ жеріне олардың «...Пушкіні емес, пушқасы алдымен келді». Мүмкін, біз біле бермейтін Тағдыр атты құдіреттің пәрмені шығар, сол бір алмағайып заманда тарих сахнасына Жанқұтты би сияқты ұлы тұлғалар шығып еді... Хандық дәуірдің келмеске кетуі, Уәли, Бөкей сияқты хандардың тақта отыруы Ресей патшасы үшін тек қана құлыққа толы барлау әрекеті болатын. Олардың қолында ештеңе болмағанда, 1822 жылы аға сұлтандар билігі дүниеге келген екен, дуан (округ) басшыларына не құдірет болсын?! Міне, осынау алапат, алмағайып заманда ұлттының болашағы үшін жанталасқан Жанқұтты баба Ботантайұлы ел болу не жойылып кету, тіпті жойылып кетпеген күннің өзінде де мәңгірттену сияқты аса қатерлі зұлымдық саясатпен бетпе-бет келген еді.

Еркіндігің келмеске кеткен. Жана уақыт, өте қауіпті алмағайып кезеңде халқыңа кім көшбасшы бола алады? Жалпы, ұлттық болмыс тұрғысынан алғанда, жақсы мен жаман ұғымдарының өзі де тепе-теңдікке бастайтын, екеуінің ара жігін ашуды игеру үшін Адам атты пендеге бұйырған сынақ па? Неге сол қос ұғымның ымырасыз күресінде көп реттерде соңғысының мерейі үстем боп жатады? Ал, сол үдеріс керісінше болу үшін не істеу қажет? Негізгі мінсіз қоғамның болуы мүмкін бе? Бар кінәні уақытқа, адамдарға, қоғамға аударып жатамыз немесе Құдайдың ісі ғой деп түйеміз. Сол қоғамның өзі де адамдардың тобынан тұрмай ма? Ендеше, мүмкін, адамның өзін түзеу керек шығар? Кезінде әл-Фараби ізгі қала тұрғындары туралы толғанған. Асан Қайғы, Жиделі-Байсынды адам игілігі үшін іздеген. Утопизмнің өкілдері Анри де Сен-Симон, Чарльз Фурье, Роберт Оуэн сияқты еуропалықтар «барша игілік адамдарға тең бөлінсін» деген идея ұсынған. Сократ: «барлық жайт Адамды жаратушы Аллада, онсыз ештеңе жүзеге аспайды» десе, Абай оны құптай келе, «Алайда пендеге Алла өмір сыйлады, бірақ оны жалқау, ниеті бұзық етіп жаратқан жоқ» деп гректің ұлы философына орынды уәж айтады. Демек, бұдан шығатын

қорытынды мынау: барлық жайт, құбылыс, өмір түйткілдері – бәрі-бәрі Адамның өзімен байланысты екен, қоғамды, өмірді ізгілендіру үшін Адамның өзін түзеуің керек екен... Қолымызды жүрегімізге қойып айтайық, жер басып жүрген кезінде-ақ, «Жақсы» деген атқа ие болған Жанқұтты баба әлеміне ену үшін мәселеге осы тұрғыдан келу керек. Тек сонда ғана оның іліміне, оны тудырған ұлттың болмысына бойлай аласың...

XX ғасырдың басында Щербина экспедициясының құрамында боп, қазіргі Шет өңіріне келгенде, баба туралы сұрастырып, әбден риза болған ұлт көсемі Ә.Бөкейханның: «Өмірі мың кісілік қайран Жәкем, бір кісінің өлімімен өліпсін-ау!» деп толғанатыны сондықтан дегеніміз жөн. (Бұл жөнінде белгілі қайраткер Ж.Ақылбаевтың «Парасат иірімдері» атты 2008 жылы шыққан кітабына тиісті деректерді кіргізгенбіз). Мойындайық, әлем жұмбақ емес, адам – жұмбақ. Демек, ғасырлар бойы барша адамзаттың: «Адам. Ол кім? Ол не үшін өмір сүреді? Оның өмірінің мәні мен маңызы, мазмұны неде?» деген мәңгілік сұрағына қазақ ұлтындағы рухани шүйгіндіктен мейлінше мол нәр алған Жанқұтты бабамыздың үнілуі, өзіңше жауап табуы Адам атты феноменмен тығыз байланысты дегеніміз орынды, соның жарқын дәлелі. Ұлы перзенттің Жақсы ата-нуының бір себебі жалпы-адамзаттық құндылықтар мен сауалдарға қазақтың төл топырағынан үңіле алып, жауап іздеуінде болса керек. Жанқұтты би өзіне дейінгі ұлттық болмыс иірімдері мен өзгеге ұқсай бермес асыл қасиеттерінен (қазақтың тектілік, беказаттық т.б.) үйреніп, болмысына сіңіре келе, сол бір асқақ рухтың аласарып, тапталса бастаған кезін көзімен көрді. Жаны ышқынды, аласұрып, мүлде басқа кейіпке енер, яғни, мәңгірттенуге бет алған жас буынды көрді, көрді де, тығырықтан шығар жолды іздеді. Көзінде от бар, көкірегінде санылау бар жандарды іздеді. Ол асықты, сәл кешіксе, орны толмас трагедияға елінің тап боларын бірден аңдады. Аға сұлтандар арқылы елді билеу тәсілінің орыс ұлықтары тарапынан қарқынды жүргізіліп жатқан кезі, сол аға сұлтанның қолында не әскер, жасақ жоқ, патша билігімен келіспей, басқа бір елмен келіссөз жүргізу, оларға бару немесе қабылдау құзыреті жоқ, яғни, өзі басқарған округ халқы мен патша ұлықтарының арасындағы жүтірінді бала сияқты күй кешіп отырғанын біле тұрса да, халқына сөзі өтеді ғой деп соларға біраз үміт артқаны да мәлім. Құнанбай, Мұса, Ыбырай сияқты аға сұлтандармен

сыйласымда болғаны осы ойымызға дәлел бола алады. Бұлардың бәрі де Жанқұтты бабаның әділ уәжі мен отты тілінен қаймықса да, көтере білген. Бәрін мақсаттас, ниеттес етіп тұрған жайт қазақтың ең бір қауіпті өткел тұсында тұрғанда аса қажетті ұйымшылдық, бірлік мәселесі еді. Бұлардың санына Алшынбай би, Жаманқұл шешен, Байсейіт, Көпбай, Шортанбай ақын, Дүйсенбай, Адамбай, Тұрсын, Нұрлан мырза, Бөкес әулие, Бөрі т.б. жас айырмашылықтарына қарамастан, осынау тәуелсіздіктен айырылысымен-ақ, зұлмат уақыттың, ауыр сәттердің кеп қалғанын жан-тәнімен сезініп, тығырықтан шығар жол іздеген тұлғалар еді. «Қожа, молда – тоқтықта» дегендейін, Жақсы Жәкеңнің дуан орталығы Қарқаралыда мешіт салу идеясын көтеріп, Батыс Сібір генерал-губернаторлығының алдына өзі, сұлтан Жәңгір, Құнанбай, Тәттімбет, Есберген (бұлардың бәрі де болыс қызметін атқарған) т.б. болып, арнайы хат түсіруі жас буын өкілдерін дінінен алшақтатып, шоқындырып, жат дін арқылы өз халқына дұшпан ету саясатына қарсы әрекеттері еді. Қандай дін болса да, зұлымдық саясатқа қызмет етсе, мұздай қаруланған қалың әскерден әлдеқайда қауіпті болатынын кеше де, бүгін де көріп отырмыз, сірә, алда да көре беретін шығармыз жағдай өзгермесе?!

Осынау ұлы тұлға туралы жайттар тарихшы-ғалым Е.Бекмахановтың монографиясында да бар. Қыруар шаңырақты бастап, Кенесары бастаған ұлт-азаттық қозғалысына барып қосылған Жанқұтты би арыстан жүректі Кене ханның тобында болды. Бір жайтқа ден қойған абзал: ол – әскери қуаты өте күшті Ресей патшалығына қарсы шыққанда: «отарлықтан құтыламыз, азаттық аламыз, дегенімізге жетеміз» деген ойдың күмәнді екенін көтеріліс басшылары түсінді. Алайда, Кенесары да, соңынан ерген жанкешті батырлары мен Жанқұттыдай да-нағойлері де, ең болмағанда ұлттық рухтың аласарып қалмауы үшін осындай күрестің қажет екенін білді. Серпіліс пен сілкіністің айрықша керек екенін түйсінді. Сөз реті келгенде, айта кетейік. Кене хан көтерілісі кезінде Кавказда да шағын халықтардың басшысы боп, Ресей отаршылдығына қарсы Шәміл имам (дағыстандық) көтерілген еді. Бүкіл ауылын патша генералдары жойып жібермек болғанда, сол Шәміл өзі кеп, тұтқынға түскен. Патша оны жер аударды. Өлтірген жоқ. Біраз уақыттан соң басына бостандық беріп, Меккеге баруына да рұқсат еткен. Ширек ғасыр ұстатпай, аз ғана қолымен орыс солдаттарын аямай қырған Шәміл



бостандық үшін қантөгіске барды. Кенесары 10 жыл соғысты. Ақыры азаппен өлді. Қырғыздар қолынан қаза тапты. Бірлік кайда, ынтымақ кайда, осыдан-ақ бағамдай беруге болады. Жақсы Жанқұтты, басқа да көреген қазақтар ұлттың намысы тапталып, ұлтсыздану құрдымына кетпес үшін жанталасты. Оның Абайға ықыласы ауып, бата беруі, Шоқанға даналық сөз айтуы (ел арасында сондай әңгіме бар), өзі Шабанбай биден бата алып, Қасқар биге бата беруі, тұтастай алғанда, ұлт тұтастығының туын осылар көтерсе ғой деген ниеттен туғанын пайымдау қиын емес.

Абайдың бабамызға: «Сіз сұңқар самғай ұшқан қиядағы...» деуі, Әлібек батырдың Жәкеңді пір тұтуы, Әбіш ақынның: «...Құт болып Жәкем мінген алтын таққа» деп толғануы, Сүйінбайдың Қағанмен айтқанда қадірлі адамдар қатарына Жақсы Жәкеңді қосуы, өлер кезінде Шортанбайдың: «Жаралған Жәкем едің асыл зат қып» деп ғарыздасуы, Исабек ақынның: «Ер Жәкем Мекке барып иман тапқан» деп толғануы, Құнанбай қажының: «Беу, Жақсы Жәкем-ау, өлімнің де менен қадірлі болды-ау» деп тебіренуі, Мәшһүр Жүсіптің Жәкеңе жоғары баға беріп, «...аруағы еркіме қоймай жаздырды» деп толғануы, поляк А.Янушкевичтің Жанқұтты, Құнанбайлармен бір кездесуінде айрықша таңырқап, солар арқылы қазақ болмысына айрықша баға беруі, Оңтүстік өңірдегі Бөлтірік, Досбол сияқты танымал тұлғалар үшін Жанқұттының айрықша жан болуы (бәрін тізіп шығу мүмкін емес) – бәрі де бабаның алты Алаштағы мойнаны озық туған ұлы тұлға екендігіне дәлел болса керек. Газет көлемі көтермейтіндіктен, қысқарта ай-

тайық. 1999 жылы бабаға арналған мерекелік іс-шаралар Шет ауданында өтті. Ш.Көкенов ақсақал тас мүсінін әкеп, әкімдік алдындағы тұғырға орнатты. С.Жүнісов, т.б. үлкендер жұртшылықты игілікті іске жұмылдыра алды. Т.Есембеков, З.Рахымов, Ж.Серіков, т.б. (аттарын атамағаным кешірім өтінем) зор еңбек сіңірді. Ж.Ақылбаев, Н.Дулатбековтер арнайы кітаптың шығуына мұрындық болды. 2011 жылы М.Хамзин, Т.Майбас-тың құрастыруымен бабаға арналған тағы бір кітап жарық көрді. Жанқұтты баба туралы ертелі-кеш академик Қ.Жұмалиев, Мәшһүр Жүсіп, Е.Бекмаханов, Б.Адамбаев, Д.Қонаев, Т.Кәкішев, С.Негмиев, К.Жүнісегі, Ж.Артықбаев, М.Хамзин, М.Әбдуов, т.б. еңбектер жазса, Ж.Қашқынов, Ф.Ештанаев, Т.Амандықов, А.Әлтай, т.б. өлең арнады. Есімі көп энциклопедия, жинақ, монографияларға енді. Ал, тарихи деректермен, мұрағат материалдарымен жұмыс істеп бабаның өмір жолы, туған жылы туралы құнды дүниелерді ғылыми айналымға тарихшы-ғалым М. Жақин енгізді.

Биыл ұлы тұлғаның туғанына 220 жыл толмақ. Есімін тарихи тұлғалар тізіміне енгізу, өткізілетін іс-шаралар жоспарын жасау сияқты шаруаларға азды-көпті еңбек сіңірдік. Тиісті шешім шығарып, облыс, республика басшыларының алдына мәселе қою, арнайы комиссия құру, т.б. игілікті істерге білікті басшы, Шет ауданының әкімі М.Мұхтаров бауырымыз лайықты басшылық жасайтынына сенімдіміз.

Аудан орталығында баба есімін алған мешіт бар. Оған бата берген Шабанбай бабамыздың атындағы мешіт Еңбекшіл ауылында ашылды. Айтпағымыз: Жанқұтты бидің,

кезінде болыс, заседатель, би болып, халқына сіңірген еңбегін саралау, сол арқылы ұлт болмысының терең иірімдерінен, жас буын өкілдеріне елжандылық сипаттарынан тәлім беру. Мәселе бәлен киіз үй тігіп, тамақ ішуде емес, ұлы тұлғаның есімін ұлт жадында мәңгілік қалдыруда дегеніміз орынды.

Бастамашыл топ мүшелері осы мерейтой алдында бірталай іс-шараны жоспарлады. Ең бастысы, осы жылы Жанқұтты бабаның өмірден өткен кезін анықтауға қатысты зерттеулер жүргізу, мәңгілікке тыныстап жатқан жеріне туған жерінен, әкесі Ботантай зиратынан бір уыс топырақ жеткізу, аудан орталығы іргесінде жерленген Ботантай бабамыз туралы деректер іздегізіру, басына қойылған ескерткіш тастағы туған, дүниеден озған жылдарын (тарихшы М.Жақиннің қолындағы деректерге сүйенсек, ол кісінің туған жылы – 1772 жыл) нақты айғаққа сүйене отырып, түзеу, қажылыққа барған жылын анықтау (мәселен, орыс патшалығының XIX ғасырдағы ресми құжатында Шәкәрімнің Меккеге барған жылы, құжат алуы, тіркелуі т.б. толықтай көрсетілген) т.б.

Асылы, танымал тарихи тұлғалардың мерейтойлары аталар қарсаңында бірнеше жайтты пайымдаудан өткізгеніміз абзал. Яғни, мерейтой кезінде ғана емес, күнделікті өмірде дәстүр сабақтастығының сақталуы. Ондай мақсат күн тәртібінде үнемі тұруы қажет. Кезекті бәленбай жылдығын күтпей-ақ, ол қалдырған өсиет, өнегені болмысымызға сіңіру. Мұндайда ақпарат құралдарының, кино, театр өнерінің, сауатты жарнаманың атқаратын қызметі зор. Өткен жазда осы жолдардың авторы Абай облысындағы тарихи, мәдени жерлерде болып қайтты. Мұражайлар (Абай, Өуезов, т.б.) материалдарымен (соңғы кезеңдегі) танысу, олардың басшылығымен келісу т.б. жүзеге асты. Алған әсеріміз «Семей таны», «Абай елі» газеттерінде жарияланды. Құнанбай қажымен айрықша сыйласымда болған Жанқұтты би туралы оларда бар деректерді кейінгі материалдармен толықтыруға уәде берген ек, ол іс жүзеге асып жатыр. Құнанбай бабаның есімін біздің өңірде иеленген жерлерді, оның тарихын жазып жібердік. Осыдан екі жылдай бұрын қажы туралы еңбегіміз жарияланып еді, сондай-ақ Бекасыл әулие, Қасқар би туралы жазбаларымыз бар еді, соларды жібердік. Республикалық газет-журналдарда және «Абай» телеарнасында Жанқұтты баба туралы материалдар жариялау, арнаулы хабарлар ұйымдастыру т.б., сондай-ақ ғылыми конференция өткізу, ұлы тұлға туралы ғылыми-танымдық кітап шығару мәселесі жоспарланды. Аукымды істерді жұмыла кірісіп, атқарсақ, ұлттық рухтың асқақтауы көрініс табады демекпіз.

Мәуен ХАМЗИН,
филология ғылымдарының докторы,
ҚР Педагогика Ғылымдары Академиясының Құрметті академигі,
Шет ауданының Құрметті азаматы

• ТАҒЫМ

Ерлерге құрмет – ұрпаққа міндет

Ауғанстан соғысы Кенес Одағы кезіндегі қайғылы тарихи оқиғалардың бірі болып есте қалды. Биыл Кенес әскерлерінің Ауғанстан жерінен толықтай шыққанына 34 жыл толды. Осыған орай, Балқаш қаласында қаралы жиын өтті. Оған Ауғанстан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің ата-аналары, жауынгер-интернационалистер, қала әкімдігінің өкілдері, әскерилер және мектеп оқушылары қатысты.

Нұрлос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Айтулы шара барысында Балқаш қаласы әкімі Қайрат Камзин, Ауғанстан соғысының ардагері Владимир Лобановск, жас сарбаз Нұрдулет Ерланұлы, Ауғанстандағы соғыс жайлы тоқталып, қаза болған жауынгерлердің ерліктерін еске алды.

– Жылдар жылжып, уақыт өтсе де, бірақ, бұл соғыс аналардың, әкелердің, жауынгер-интернационалистердің жүрегіне жазылмас жара салды. Халық санасында қайғы болып қатталып, қасірет болып жатталды. Бүгін біз майданан аман-есен оралғандарға және де осы күнге дейін қайтыс болған



жакындары үшін көз жасын төгіп келе жатқан аналар мен сарбаздардың жарына құрметімізді көрсетеміз, бас ісеміз. Олар өзіне жүктелген міндетті орындай біл-

ді. Сондықтан, ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Бұл қасіретке толы жыл қайта оралмасын. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын, – деді митингтің ашылуында сөй-

леген Балқаш қаласы әкімі Қайрат Амангелдіұлы.

Сондай-ақ, Ауғанстан соғысына қатысқан жауынгерлерге арналған ескерткіш-мемориалына Балқаш қаласы әкімінің және қоғамдық ұйымдар атынан гүл шоқтары қойылды. Көпшілік қаза болған отандастарымызды бір минут үнсіздікпен еске алды.

Айта кетейік, Ауғанстан соғысына Қазақстаннан 22 мың жауынгер қатысты. Солардың қатарында 947 адам қазаға ұшырап, бірнешеуі із-түзсіз, хабарсыз жоғалып кетті. Балқаштан соғысқа 90 адам аттанған. Олардың арасында балқаштық Самат Нұрғалиев пен Анатолий Антонов ерлікпен көз жұмды. Сонымен қатар, ағаларының кегін қайтару мақсатында Самат Нұрғалиевтың қарындасы Ләззат Нұрғалиева және Татьяна Гушина соғысқа қатысты. Қазіргі уақытта, Балқаш қаласында Ауғанстан соғысының 57 ардагері бар.

БАЛҚАШ

• БАЙҚАУ

Дәстүрлі ән дүлдүлінің ізімен

Жас жеткіншектер арасында өткен VII облыстық «Дәстүрлі әнге құрмет – бізге міндет» дәстүрлі ән байқауының қорытындысы шықты. Бағы жанып, бас жүлде алған қарағандылық №1 мектеп оқушысы – Мағжан Мыңбаев.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Дәстүрлі ән байқауына үш жас санатында Қарағанды, Теміртау, Абай, Қарқаралы, Топар қалалары мен Бұқар жырау, Шет және Ақтоғай аудандарынан келген болашақ әншілер қатысты. Дәстүрлі ән өнерінің дүлдүлдерінің бірі Жаяу Мұсаұны «Акерке», «Хаулау» әндерін шарықтата шырқаған Мағжанды қазылар алқасы кәсіби деңгейде марапаттады.

– Мағжан 4-сыныпта дәстүрлі ән бөлімінде оқиды. Өткен жылы Қызылордада өткен «Инжу

-маржан» байқауында бас жүлде иеленген. Жақында «Мен де жүлдіз боламын» жобасына қатысып, Түркия мен Меккеге жолдама жеңіп алды. Бұл байқауда ол 56 қатысушы арасында бас жүлдеге ие болды, – деді жеңімпаздың ұстазы Нұрелан Сайдалин.

Ал, кіші топта I орынды Қарағанды қаласының №1 мектеп оқушысы Зере Қалкен, орта топта Доскей ауылының «Мирас» мектебінің оқушысы Ансар Әбдірахман, жоғары жас санатында I орынды Абай қаласынан Алуа Ақшалава иеленді.

● БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

Мектеп сахнасындағы Қыран казак

Ел басына түскен қиын кезеңдерде алғы шептен көрінген батырлар аз емес. Ерлік пен батылдықтың символына айналған батырлардың есімі бүгінде білім ошақтары мен көшелерге берілуде. Нұркен Әбдіров атындағы жалпы орта білім беретін мектеп те солардың қатарында. Аталған мектеп оқушылары батырдың 81 жылдығына орай Кеңес Жұмабековтің «Қыран казак» қойылымын қойды.

Нұркен Әбдіров – ұшқыш-штурмовик, Кеңес Одағының батыры (1943), Қарқаралы ауданы Нұркен ауылдық округінде туған. Ол әуе шайқасында өрлік пен өжеттік көрсетіп, жаудың ок-дәрі, қару-жарақ қоймаларын, адам күші мен ұрыс техникасын жойған. Бүгінде батырды Нұркен Әбдіров атындағы мектептің оқушылары ғана емес, барша қазақ жастары мақтанышпен еске алады.

– Мектептің атынан жарыстарға қатысқанда барынша оза шабуға тырысамыз. Себебі, біз атақты батырдың атымен аталған мектепте оқимыз. Бұл – рух береді. «Қыран казак» қойылымында батырды жаңа қырынан танығандаймыз. Болашақта шекаралық қызметте жұмыс атқаруды армандаймын. Нұркен Әбдіров секілді батыр болғым келеді, – дейді майор Мельниковтің

ролін сомдаған оқушы Шерхан Ахметхан.

Қойылымда оқушылар берілген рольді жоғары дәрежеде ойнап, кәсіби театр әртістерінен кем түспеді. Мұны көрермендердің ықыласынан таныдық. Нұркен батырдың ролін сомдаған 11-сынып оқушысы Ықылас Сабырұлы, оның анасы Бағжанды сомдаған 6-сынып оқушысы Аружан Сәулехан жас айырмашылығына қарамастан, бала мен ананың арасындағы сағынышты көрерменге сезіндіре білді. Қазақтарды құл көретін нацист ұшқыш Ивановты сомдаған 9-сынып оқушысы Тимур Фатихов және басқа да оқушылар өз ролін шынайы сомдап, көрермен көңілінен шықты.

Қойылымның жауапты режиссері – мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Жұлдыз



Нұрғалиеваның айтуынша, оқушылармен батыр жайлы қойылым қою үлкен жауапкершілікті талап етеді.

– Маған қойылымға қатысатын балалардың тізімі берілді. Сол балалармен жақынырақ танысу мақсатында олармен театрға баруды шештім. Театрға тізімдегілер емес, мүлдем басқа оқушылар барыпты. Оқушылардың шатасып кеткені тағдырдың жазуындай болды. Есесіне осыған дейін мектептің қоғамдық өміріне аса қатты араласпаған балалар да жаңа қырынан та-

нылды. Олардың өздері де әртістік қабілеті бар, дикциясының жақсы екенін қойылымға дайындық барысында байқады. Бұл қойылым барлығымыз үшін үлкен тәжірибе болды, – дейді Жұлдыз Нұрғалиева.

Мектеп алдағы уақытта да батырды еске алып, түрлі шаралар жоспарлап отыр.

Акерке БАЙБӘКІР,
Е.Бөкетов атындағы
Қарағанды университетінің
студенті

● ЕРЛІК САБАҒЫ

Екі кезең – бір тағдыр

Кеңес әскерлерінің Ауғанстаннан шығарылғанына 34 жыл толуына орай облыстық бейнелеу өнері музейінде ерлік сабағы өтті. Музей қызметкерлері Ауған соғысы ардагерлерінің «Қызыл із» атты заманауи портрет, фотокөрмесін ұсынды. Әр фотосуретте екі кезең – өтіп кеткен 1980 жылдар, ал олардың аясында қазіргі уақыт.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Іс-шараға қонақ ретінде ардагерлер Қайрат Тынымбаев, Айтпай Жұматаев, Сергей Сахнов шақырылды. Батырлар кешке қатысқан колледж студенттеріне Ауғанстанда басынан кешкен-

дерін, дұшпандардан стратегиялық мақсаттағы объектілерді қалай азат еткені туралы айтып берді.

Олар балаларды салауатты өмір салтын ұстануға, шет тілдерін үйренуге және Отанымыз Қазақстанды қорғауға шақырды. Батырлар өз өмірі туралы да айт-

ты. Айтпай Мұхтарұлы Ауғанстанда 1981 жылдан 1983 жылға дейін Газни провинциясында қызмет етіп, «Ерлік үшін» медалімен марапатталған. Қайрат Тынымбаев азаматтық борышын мінсіз атқарып, 1986 жылдың ақпанынан 1987 жылдың қарашасына дейін Ауғанстанда қызмет еткен. Кабул-Баграм жолының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге атсалысыпты. 1981 жылы Кеңес Армиясының қатарына шақырылған Сергей Александровичтің кеудесінде көптеген орден, медаль бар. Ол да көрсеткен ерліктеріне сай беріл-

ген.

Балалар қонақтарға сұрақ қойып, жауап алды. Тұшымды әңгіме өрбіді.

Қонақтар фотокөрме материалдарына сүйеніп, интернационалист-жауынгерлер туралы әңгімеледі. «Қызыл із» атауының да өзіндік философиялық мәні бар. Бұл автордың жеке шығармашылық үлесі және оның еркін көзқарасы, өзінің көркемдік ізін қалдыруға деген ұмтылысы, өткен мен болашақ арасындағы шекараны көрсетеді. Екі кезең – бір тағдыр.

– Экспозицияда сарбаз В.Грязновтың қаза болғаны туралы құжаттардың көшірмелері, сол кездегі сарбаздың тұрмыстық заттары, фотоматериалдар және мүсінші А.Билық жасаған қаза болған жауынгер-интернационалист Ю.Фроловтың мүсіні бар. Бұл кездесу оқушылардың есінде көпке дейін қалатыны сөзсіз, – дейді облыстық бейнелеу өнері мұражайының ғылыми қызметкері Қайрат Біләзов.

Облыста қаза болған сарбаздардың аналарына көмек көрсететін және қала мен облыстың қоғамдық өміріне белсенді қатысатын интернационалист-жауынгерлердің қоғамдық бірлестігі бар. Жыл сайын Ауған соғысы ардагерлері 1990 жылы «Жеңіс» саябағында орнатылған қаза болған ауғандық жауынгерлерге арналған мемориалға гүл қояды. Бұл – ерлікке тағзым!



● «ТІЛ – ТҰҒЫР»

«Сүйемін туған тілді – анам тілін...»

«Бала қай тілде білім алса, түбі сол ұлтқа қызмет етеді» депті ұлт қайраткері Мұстафа Шоқай. Шынында балаларымыздың өзге тілде шүлдірлеуі қиын мәселе болып тұр. Сенің қасында қазақша сөйлеген болады. Көзінді ала бере құрбысымен орысша сөйлеседі. Меніңше, бұл мәселенің мәнісі тереңде жатқан сияқты...

Әр ұлттың баласы алдымен өзінің туған тілін, мәдениетін бойына сіңіру керек деп білеміз. Мәселен, жапондар балаларын 9 жасқа дейін тек жапон тілінде оқытады. Төл тарихын һәм мәдениетін сіңіреді. Одан кейін барып, өзге тілдерді оқыта бастайды. Өзге тіл – өзге мәдениет деген сөз. «Қанша тіл білсең, сонша ел білесің» деп бекер айтпаса керек. Көрші отырған өзбектерді қараңызшы. Болмаса, кавказдықтарды қараңыз. Дүниенің қай бұрышында жүрсе де, туған тілінде сөйлейді. Өзге тілді қолданды дегеннің өзінде ебедейсіз акцент қосады. Одан ұялмайды да. Өй-

ткені, оған өзге тілдің өркендеуі керек емес.

«Кейбір ғалымдар тілін білмесе де, жаны, рухы қазақ болса, жеткілікті» деген пікірді алға тартады. Елдің бәрі Олжас Сүлейменов емес қой. Орысша өлең жазса да, бойында көк түріктің, қазақтың қаны ойнақтап тұратын. Өзге тілге икемделген адам міндетті түрде сол тілде ойлайды. Сосын олардың әдет-ғұрпын бойына сіңіреді. Осылайша, түрі қазақ болса да, өзі жат болып шыға келеді.

Меніңше, бізге де балаға туғаннан бесік жырын айтып, нағыз қазақ қылып тәрбиелеу

керек. Мәселен, үй салсақ та, негізін бетондап тас қыламыз ғой. Немесе, ағаш ексеңіз түзу өскенін қалайсыз. Бір қысық өсті ме, оны өмір бақи түзей алмайсыз. Сондықтан, баламен жастайынан қазақша сөйлесіп, қазақша мультфильм көрсетіп, ән тыңдатып, қазақ тілді дос табуына көмектесу керек. «Құлағым тыныш болсын» деп қолына телефонды беріп қою – үлкен қате. Бала не болса, соны көреді. Содан барып, талғамы жоқ, санасы төмен, ұлттық иммунитеті әлсіз ұрпақ пайда болады. Солай болып жатыр да...

Кітапханашы ретінде кітапханада өткен шараларда қазақы рухын салтанат құруын қадағалап отырамын. Кез келген ұсақ-түйектің өз ұлтыма, тіліме, мәдениетіме, әдебиетіме пайдалы болғанын қалаймын. Әдебиет оқитын жасқа жеткенше тілін, мәдениетін, салт-дәстүрін, тарихын,

дінін, ділін, өмірдің мәнін біліп тұрса құба-құп. Осының бәрінің бастауында күдіретті туған тіл тұр.

«Сүйемін туған тілді – анам тілін, Бесікте жатқанымда-ақ берген білім.

Шыр етіп, жерге түскен минутымнан, Құлағымға сіңірген таныс үнім» – деп Сұлтанмахмұт бекер жырлаған жоқ. Бұдан бір ғасыр бұрын осындай қауіптің келе жатқанын сезді. Алаңдағаннан жазды. Сондықтан, ұрпақ тәрбиесіне бекем болайық. Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде!

Азиза АБИЛЬДИНА,
Орталықтандырылған
кітапханалар жүйесі,
№1 балаларға қызмет
көрсету филиалының
кітапханашысы

● ҚЫЛМЫС ЖӘНЕ ЗАҢ

Полиция «кірпік қақпайды»

Облыстың полиция қызметкерлері кәмелеттік жасқа толмағандар арасында құқық бұзушылық көбейіп кетті деп дабыл қағуда. Мәселен, жыл басынан 456 бала әкімшілік құқық бұзушылық жасаса, 20 бала заңды өкілісіз көңіл көтеретін орындарда жүрген. Одан бөлек, 409 кәмелетке толмаған түнгі уақытта қала көшелерінен ұсталып, 5 бала ұсақ бұзақылық жасаған. Бұл туралы аталмыш органның баспасөз қызметі мәлімдеді.

Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Балалар барған түнгі көңіл көтеретін орын иелеріне әкімшілік хаттама толтырылды. Ал, өздерінің борышын тиісті түрде атқармаған 127 ата-ана жауапқа тартылды, – дейді облыстық полиция департаментінің жергілікті полиция қызметі басқармасының бастығы, полиция полковнигі Қуаныш Зәрубасев.

Осы орайда облыс аумағында жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтардың алдын алу, балаларға қарсы жасалатын қылмыс-

тардың жолын кесу мақсатында 14 ақпаннан «Жасөспірім» жедел алдын алу іс-шарасы өткенін айтады құзырлы орган өкілі.

Іс-шара барысында полицияның есебінде тұрған, сондай-ақ, түнгі көңіл көтеретін орындарда жиі болатын балалар тексерілді. Бұл жерде баламен ғана емес, олардың отбасыларымен де профилактикалық әңгіме жүргізілетінін айту керек. Одан бөлек, полиция қызметкерлері жоғары сынып оқушыларына дәрістер оқып, құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында өзге де шараларды атқаратынын айту керек.

● БӘРЕКЕЛДІ!

Олимпиададан олжалы оралды

Жақында Impact Olympiad V Халықаралық ашық шығармашылық байқауында қарағандылық мұғалім Бақтияр Рахымжан I орын иеленді.



Бақтияр Рахымжан Н.Нұрмаков атындағы мамандандырылған мектеп-интернатында информатика пәнінен сабақ береді. Қызығушылығы бар оқушыларды робототехникаға үйретеді. Ұстаздыққа дейін ол төрт жыл Астана қаласында IT-маман болып жұмыс атқарған. Кейін тәжірибесі мен білімін жас ұрпақпен бөлісуді жөн көрген.

– Олимпиада сұрақтары қиын болды. Оларға жауап беру үшін терең білім керек. Қарағанды техникалық университетінің түлегімін. IT-маман болып жұмыс атқарып, кейін мұғалімдікті таңдадым. Оқушыларға сабақ берген ұнайды. Оларда қызығушылық бар. Жалпы, Қарағандыда робототехника саласы жақсы дамып келеді. Қазақстан бойынша ең алғашқы робототехника жарыстары да біздің қаламызда өтті. Мәселен, Roboland фестивалі, – дейді Бақтияр Рахымжан.

Сондай-ақ, тағы екі жерлесіміз жүлделі оралды. Н.Нұрмаков атын-

дағы мамандандырылған мектеп-интернатының математика пәні мұғалімі Ақниет Ілиясов пен Бұқар жырау ауданындағы С.Торайғыров атындағы тірек мектебінің ұстазы Ербол Нұрқанат биіктен көрінді.

Айта кетейік, халықаралық олимпиадаға Қазақстаннан бөлек, Ресей, Моңғолия, Грузия, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстаннан 250-ден астам маман қатысты.

Акерке БАЙБӘКІР,
Е.Бөкетов атындағы Қарағанды
университетінің
4-курс студенті

18 ақпан

-7
-10

19 ақпан

-8
-13

20 ақпан

-0
-12

Ақпарат <https://www.gismeteo.kz/> сайтынан алынды

ТОО «МЫКТЫ ҚОРҒАУ»

ВСЕ ВИДЫ ОХРАННЫХ УСЛУГ
ГОСУДАРСТВЕННЫХ И КОММЕРЧЕСКИХ
ПРЕДПРИЯТИЙ

Ерубасева, 34, оф. 307, тел.: 8 (7212) 50-77-17,
сот.: 8-701-173-90-87,
8-700-394-98-00

Лицензия на все виды охранных услуг за № 16018832 от 09.12.2016 года. Лицензиар ГУ «ДЕПАРТАМЕНТ ПОЛИЦИИ КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ МВД РК».

Қарағанды
Шинсервис
ШИНАЛАР

Арнайы диллер
«Алтайский шинный
комбинат» ААҚ
«Росава» ЖАҚ
«Матадор» ЖАҚ

ЕБ АРҒАН ШИНАЛАР
САТПАЙМЫЗ,
ЕБ АРАҒАУ БАҒАҒА
САТАМЫЗ

• жеңілдету көліктері үшін
• жеңілдету көліктері үшін
• тракторлар және
ауыл шаруашылығы
техникалары үшін
• арнайы техникалар үшін

Қарағанды қ. қойма: Асфальттың көш., 22, дүкен: Бытов. көш., 14/1
тел. 8(7212) 97 20 27; 8 707 80 35 800



● ПРЕМЬЕРА

«Атау керені» көріңіз!

Сәкен Сейфуллин атындағы облыстық академиялық қазақ драма театрында 23, 24, 25 ақпан күндері АТАУ-КЕРЕ драмасының премьерасы өтеді. Қоюшы-режиссер – театрдың көркемдік жетекшісі Айдын Салбанов.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Адам баласы өзіне көңілі толмаған-да адамдықты, адалдықты іздейді. Көңіл тоқ жерде даму да, ізденіс те жоқ. Ал, Табиғат-Анамен байланыс үзілгенде адам өзін жоғалта бастайды. Оралхан Бөкейдің «Атау кере» повесіндегі әр кейіпкердің қаймағы бұзылмаған таза табиғат аясындағы іс-әрекеті адамның ішкі жұмбақ әлеміне бойлауға, тұлғасын тануға жетелейді.

Бір кездері елді аузына қаратқан текті тұқымның тегеурінді ұрпағы Тағанды өзін жоғалтып, құрдымға кетуге қоғам итермелесе, Табиғат-Ана оны құтқарып қалады. Жан азабы жүрегіне түскен Тағанға ойнап жүрген бүлдіршіндердің сөзі шаншудай қадалып, миының жаны бар санаулы талшықтары тіріліп, ар-ұяты ояна бастайды. Адамдық түп-тамырына қайта оралған Тағанға Табиғат-Ана құшағын жайып, құпиясын аша түседі.

«Дүниені бүлдіретін құлағы бар саңыраулардан, жанары бар соқырлардан сақтасын» деген идеяны басшылыққа алды «Атау кере» қойылымы.

● ҰЛТТЫҚ ӨНЕР

Айтыстың тайжарысы

Облыстық білім басқармасына қарасты «Сарыарқа дарыны» балаларға қосымша білім беру аймақтық ғылыми-практикалық орталығының ұйымдастыруымен Тәттімбет атындағы өнер колледжінде Құрманғазы Сағырбайұлы мен Жамбыл Жабаевтың шығармашылығын дәріптеуге арналған жас ақындар айтысы өтті. Онда аймақ мектептерінің 20-дан астам 7-11 сынып оқушысы бақ сынап, бар өнерін ортаға салды.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»



Айтыс екі бағытта өрбіді. Тақырыптық айтыста Бұқар жырау ауданының сегізінші сынып оқушысы, «Руханият» қосымша білім беру орталығының тәрбиеленушісі Тілек Мәлік жеңіске жетті. Ол «Айтыстың ақтангері» Дидар Камиевтің

шәкірті және аудандық хәм облыстық мәнерлеп оқу байқауларының жүлдегері. Бұқар жыраудың 50 туындысын жатқа біледі.

– Екі жылдан бері өнер мектебінде жыршы-жырау үйірмесінде тәлім алу-

дамын. Аудандық деңгейде топ жарып, мұнда келдім. Облыстық кезең қиын болды. Алайда, ұстазым Дидар Жанатұлының қамшылауының арқасында I орын алдым. Республикалық айтыста да жеңіске жеткім келеді, – дейді Тілек.

Ал, II орынды Осакаров ауданы, Жамбыл атындағы мектептің 9-сынып оқушысы Аскарбек Аманбек иеленді. Шет ауданы Ю.Гагарин атындағы мектеп-лицейінің 10-сынып оқушысы Бакдәулет Хуанышқа III орын бұйырды.

Екінші топ айтыскерлері поэтикалық репликалар айтып, сөз қағысты. I орынды иеленген Нұра ауданы, Жараспай ауылының 7-сынып оқушысы Аярыс Қапыш халық шығармашылығын, әдебиетті жақсы көреді.

– Аярыс Қапышты қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Дінжан Құсайын дайындапты. Мектепте арнайы үйірме жоқ. Десе де, мұғалім әдебиетті жақсы көретін, өлең жазатын балалардың талабын шындауға уақыт табады екен. Оқушы ұстазының үмітін ақтағанына қуанып тұр. Осындай сайыстар өнерге талабы бар жасөспірімдердің ынтасын оятып, ұстаздарды да оқушымен жұмыс істеуге талпындырады, – дейді «Сарыарқа дарыны» балаларға қосымша білім беру аймақтық ғылыми-практикалық орталығының маманы Серікжан Дамысханұлы.

II орынға С.Сейфуллин атындағы №7 Балқаш мектеп-гимназиясының 9-сынып оқушысы Бекарыс Амангелді тұрақтаса, III орынды Теміртау қаласы №10 орта мектебінің 7-сынып оқушысы Баккелді Мелдешов місе тұтты.

Жеңімпаздарға диплом және ақшалай сертификат берілді. Үздік оқушылар Алғыс хаттарға ие болды.

● ДЗЮДО

Белдесуде бағы жанды

Дзюдо күресінен Астана қаласында ел чемпионаты өтті. Аталған жарыста жалау желбіретіп ақтық белдесуде қарсыласын жеңіп, Қазақстан чемпионы атанған Қарқаралы ауданының тумасы Аяулым Қайраттың мерейі артып, мейманысы тасыды.

Палуандар бәсекесінде еліміздің барлық аймағынан 500-ден аса жас татами шебері келіп, бақ сынады. Күрес десе, ішкен асын жерге қояр ағайынға жарыстан ақжолтай хабар жетті. 2006-2007 жылғы палуандар арасында 52 келіде өнер көрсеткен жерлесіміз алғашқы белдесулерінде Астана қаласы, Жетісу, Батыс Қазақстан, Түркістан облыстарының палуандарынан басым түсіп, өз тобынан оза шықты. Осылайша, өз салмағында 60 спортшының арасынан алапат күшінің арқасында алтыннан алқа тағынды. Бұл – расымен де зор жетістік.



● ДОЙБЫ

Ардагерлер арасындағы аламан

Қарағандыда ақпанның 15-імен 22-сі аралығында өтетін ардагерлер арасында дойбыдан жарыс басталып кетті.

Спорт түрінің бұл додасына Республикамыздың 11 аймағынан кіл мықтылар жиналған. Атап айтсақ, Астана, Алматы, Қостанай, Павлодар, Шымкент, Жамбыл, Жетісу облыстары. Аталған аймақтардан келген ойыншылар арасында атағы бар чемпиондар да баршылық. Олар – Азия чемпионы Валерий Тен, Қалқаш Әбішев. Сондай-ақ, Азия чемпионатының қола жүлдегері балқаштық Тілеулес Бадығұлова бар.



● ТЕННИС

Шешуші сынға жол ашық

Қазақстан теннис мектебінің тағы бір түлегі Денис Евсеев Шербурдағы (Франция) турнирдің негізгі торына жол тартты. Естеріңізге сала кетсек, бұған дейін дәл осы сында Денис Евсеев француз Константин Биттунды тізе бүктірген болатын. Есеп 6-3, 7-6 (7/4).

Турнирдің негізгі торына шығу үшін Денистің командалық қарсыласы Бейбіт Жұқаев оған қарсылас болды. Бұл ойында ол отандасынан 6:7 (4/7), 7:6 (8/6), 6:4 есебімен басым түсті.



Дайындаған
Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

● МАРАПАТ

Қырағы сақшылар құрметтелді

Өмірін қауіпке тігіп, мас жүргізушіні ұстаған теміртаулық тәртіп сақшылары облыстық полиция департаменті марапаттады. Құжат тексеріп жатқанда қашып кетпек болған жүргізуші көлікке толық үлгермеген полиция қызметкерін 200 метрдей сүйреп кеткен.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Теміртау қалалық полиция басқармасы, патрульдік полиция батальонының қызметкерлері Нұрлан Абдиров пен Ерхан Абуов қоғамдық қауіпсіздік пен жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында түнгі қызметке түскен. Оқиға 11 ақпан күні сағат 00:35 шамасында болған. Бейбітшілік даңғылының бойында қызметтік көліктің арнайы дауыс шығарғыш құралы арқылы 31 жастағы жеңіл автокөлік жүргізушісін тоқтатады. Полиция қызметкерлерінің көлік құжаттарын беру талабына жүргізуші құжаттардың жоқтығын айтқан. Тәртіп сақшылары одан ішімдіктің иісін сезіп, көліктен



түсуін талап етеді. Сол мезетте, жүргізуші көліктің есігін жаппай, оқиға орнынан қашпак болады. Тәртіп сақшыларының бірі көлік салонына секіріп мініді, бірақ

● ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

Көп тілеуі – көл

Бауырлас Түркия елінің басына түскен қайғының салмағын аз да болса жеңілдетіп, қол ұшын созбаққа ниеттенген Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің студенттері «Біз біргеміз» қайырымдылық жәрмеңкесін ұйымдастырды. «Кітап – Qazupa» кітап оқу жобасы аясында өткен шараға бес мыңға жуық студент қатысып, үлес қосты.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бір айта кетерлігі, студенттер бастаманы ұсынып қана қоймай, жақсылыққа құштар екенін іс жүзінде дәлелдей білді. Жәрмеңкеге өздері пісірген тоқаштары мен басқа тағамдарын, өсірген гүлдерін, оқыған кітаптарын қойып, сатты. «Жасаған жақсылығың жақсылық болып оралады» деген түсінікті жастайынан бойына сіңіріп өскен жүртыштық бұл бастамаға бір кісідей қолдау көрсетті. Бізге аз қаржы болып көрінсе де, «көп түкірсе – көл» демекші, көмек мұқтаж жандарға ауадай қажет.

– Осы акция аясында Түркия, Сирия

елдерінде орын алған табиғи апатқа байланысты, студенттер бастамасымен қайырымдылық жәрмеңкесін өткізіп жатырмыз. Мақсатымыз – жер сілкінісінен зардап шеккен елге көмек көрсету. Студенттердің бастамасы бізді қатты қуантты. Жастардың жақсылыққа ұмтылуы университетте алып жатқан білімі мен тәрбиесінің мол екенін аңғартады. Жастардың идеясын мақұлдап, қолдау көрсету міндетіміз, – дейді Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты жөніндегі департамент директоры



Марғұлан Уәли.

Студенттердің өзі де жәрмеңкеге қойылған дүниелерді сатып алып, үлес қосып жатты. Қайырымдылық жәрмеңкесінен 2 миллион 14 мың 567 теңге қаражат жиналған.

Бұдан бөлек, ҚарУ-дың «Шабыт» өнер ұжымы «Танақөз» қойылымын сахналаған. Қойылымға да біршама ел қатысып, билеттен жиналған 100 мың теңгеге жуық қаржы осы қайырымдылыққа қосылыпты.

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Сауатқа Ақпарат» ЖШС

Директор – **Қ.Ж. ӘБІЛДА**
Директордың орынбасары –
«Индустральный Караганды»
газетінің бас редакторы –
О.В. МЯГКИХ
Директордың орынбасары –
Г.Ш. ЖҰМАДИЛДИНОВА

Бас редактор –
Е.К. МҰСАБЕК
Бас редактордың орынбасары –
Н.С. ДҮТБАЙ
Интернет-редакция редакторы –
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы –
Қ.Б. ҒАЛЫМ

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-57-76
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Призерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
- Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Материалдың жариялану ақысы төленген ®

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD0003131,
БИК KСJБKZXX БИН 000840001412

Таралымы 5 602

№20 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ**